# Әуе көлігінің объектілеріне арналған санитариялық ережелерді бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 3 тамыздағы N 586 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 23 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6427 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылдың 18 мамырдағы № 362 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.05.18 № 362 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Халық денсаулығы және денсаулық жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 5-тармақшасына, 145-бабының 1), 2), 3), 10), 11), 13), 14), 16), 18), 28) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мына:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Азаматтық авиацияның аэровокзалдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Азаматтық авиацияның авиациялық-техникалық базаларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес «Азаматтық авиацияның әуе кемелеріне және ұшу құрамының еңбек жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (К.С. Оспанов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Мыналардың:

1) «Азаматтық авиацияның әуе кемелері мен әуежайлары жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 3 ақпандағы № 42 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылғы 28 ақпанда № 4106 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілер бюллетені, 2006 жылы № 5-6, 213-құжат жарияланған);

2) «Азаматтық авиацияның авиациялық-техникалық базаларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 28 маусымдағы № 507 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 2 тамызда № 2977 болып тіркелген, «Заң газетінде» 2005 жылғы 18 қарашада № 150-151 (775) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Денсаулық сақтау министрінің*
*міндетін атқарушы Б. Садықов*

*«КЕЛІСІЛГЕН»*
*Қазақстан Республикасының*
*Көлік және коммуникация*
*министрінің міндетін атқарушы*
*Е. Дүйсенбаев*

*2010 жылғы 2 тамыз*

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2010 жылғы 3 тамыздағы
№ 586 бұйрығына
1-қосымша

## «Азаматтық авиация аэровокзалдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі 1. Жалпы ережелер

1. «Азаматтық авиация аэровокзалдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі азаматтық авиация аэровокзалдарының аумағына, оны сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жылытуға, желдетуге, жарықтандыруға, үй-жайларының жабдықталуына және персоналдың жұмыс жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

## 2. Аумаққа, жер учаскесін таңдауға, ғимараттарды, құрылыстарды орналастыруға, реконструкциялауға қайта жөндеуге және олардың күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

2. Аэровокзал құрылысына арналған жер учаскесін таңдау осы санитариялық ереженің талаптарына сай таңдалады.

3. Аэровокзал ғимаратын тасқын су басатын учаскелерде, төмен, батпақ жерлерде; топырақ көшкіндері және топырақтың басқа да деформациясы болатын жерлерде; көлік қозғалысы қарқынды магистральдардан 30 м жақын жерлерде орналастыруға жол берілмейді.

Аэровокзал әуежайдың аумағында немесе елді мекен аумағында жеке тұрған ғимаратта орналасады.

4. Аэровокзалдың аумағы қоршалады, абаттандырылады, көгалдандырылады және атмосфералық шөгінділердің жауын-шашын кәрізіне ағып кетуі ескеріле отырып жоспарланады. Кіретін жолдар, жаяу жүретін жолдар, жүк тиеп-түсіру алаңдары асфальтталады.

5. Аэровокзал ішінде жолаушылар мен жүк тасымалдарына жатпайтын тауарларды, қораптарды және басқа заттарды жинауға жол берілмейді.

6. Аумақты жинау жылдың жылы мезгілінде күніне екі рет жүргізіледі, жылдың суық мезгілінде қардан және мұздан тазартылады.

7. Аумақта қоқыс жинау үшін қоқыс салғыштар, ал тұрмыстық қоқыс үшін қақпағы бар контейнерлер орналастырылады. Контейнерлер асфальтталған немесе бетондалған алаңда, алаңның шетінен бір метрден кем емес арақашықтықта орналастырылады. Қоқыс жинауға арналған алаң аэровокзал ғимаратынан, азық-түлік саудасы және қоғамдық тамақтандыру объектілерінен, тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардан 25 м–ден кем емес арақашықтықта орналастырылады. Алаң қоршалады, көлік құралдары үшін қолайлы кіретін жолы және жауын-шашын ағынын кәрізге ағызатын жері болуы тиіс.

8. Қоқыс аумақтан контейнер көлемінің кем дегенде 2/3 бөлігі толуына байланысты шығарылып отырылады. Контейнерлер қоқыс шығарылған соң тазартылып және дезинфекцияланып жеткізіледі.

Қоқыс салғыштарды жуу және дезинфекциялау контейнерлер алаңы жанындағы су келтірілген және кәрізге ағатын жолы бар бетондалған және асфальттанған алаңда жүргізіледі.

9. Аэровокзалдарда мынадай үй-жайлар болады:

1) негізгі мақсаттағы – вестибюльдер, кассалар, тарату залдары, күту және арнайы бақылау залдары, ана мен бала бөлмесі, халықаралық және ішкі

сапарларға ұшу және ұшып келу үй-жайлары, жүктерді қабылдау, сақтау және беру үй-жайлары;

2) жолаушыларға қосымша қызмет көрсету үй-жайлары – VIP*, CIP* залдар, байланыс бөлімшесі, көлік агенттіктері, қоғамдық тамақтандыру және сауда объектілері, тұрмыстық қызмет көрсету үй-жайлары, шаштараздар, ана мен бала бөлмесі, медицина пункті, дәріхана дүңгіршектері, дәретханалар және басқалары;

3) қызметтік - әкімшілік, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау қызметі , көлік полициясы, кедендер, шекаралық және мал дәрігерлік бақылау, диспетчер үй-жайлары;

4) қосалқы – персоналға арналған тұрмыстық үй-жайлар, қоймалар, мүкаммал , шағын механикаландыру құралдарын және жабдықтарды сақтайтын үй-жайлар;

5) техникалық – инженерлік жабдықтарды орталықтандырылған басқару жүйелеріне, сорғы, бойлерлік үй-жайлар, желдеткіш камералары, ауа баптағыштарға, трансформаторлық қосалқы станцияларға арналған үй-жайлар;

6) аэровокзалды жоспарлаудың бас жоспарына сәйкес басқа да әкімшілік-қосалқы үй-жайлар.

10. Жолаушылардың күту залы жер үстіндегі қабаттарда орналасады.

11. 2 қабаттан жоғары ғимараттардың терезелері мен витраждарында оларды жууға және тазалауға арналған арнайы құрылғылар болуы тиіс. Оңтүстік климаттық аудандарда күту залының оңтүстік және оңтүстік-батыс жағындағы терезелері мен витраждарында күннен қорғау құрылғысы болуы тиіс.

12. Қабырғалардың, еденнің ішкі және сыртқы беттерін әрлеу үшін қолданылатын материалдар жууға және дезинфекциялауға ыңғайлы болуы және де ауаға 1-2 класты қауіпті химиялық заттар бөлмеуге тиіс. Еден ылғалға төзімді және ылғал өткізбейтін беті тегіс материалдан жасалынады.

13. Дыбыс өткізбейтін аспалы төбелердің қаңқасы өртке қауіпсіз және дыбыс өткізбейтін материалдан дайындалады. Барлық бөлмелердегі дыбыстың деңгейлері осы санитариялық ережеге 1-қосымшаға сәйкес гигиеналық нормативтердің талаптарына сай болуы тиіс.

14. Жиһаз үй-жайдың функционалдық мақсатына сәйкес келуі, тазалықта ұсталуы және жеткілікті мөлшерде болуы тиіс. Күту залындағы жиһаздар ( дивандар, креслолар, арқалықтары бар орындықтар) еден жуу машиналарымен жинау жүргізу мүмкіндігін ескере отырып орналастырылады.

15. Операциялық (кассалық) залдар аэровокзал алаңы жағында орналасады және күту залдарына өтетін жолы болуы тиіс.

Билет кассаларының алдында кем дегенде 6 $м^2$ бос алаң көзделеді. Кассалық терезелердің жел өтінен қорғайтын құрылысы болуы тиіс.

16. Аэровокзалдың медициналық пункті санитариялық-карантиндік пункттің

жанындағы бірінші қабатта орналасады және аэровокзалдың үй-жайларына, жазғы алаңына шығатын есігі болуы және жазғы алаң жағынан арнайы автокөліктердің кіруіне ыңғайлы жолы болуы тиіс. Медициналық пункт үй-жайының жиынына мыналар енеді: изолятор, күту бөлмесі, қабылдау бөлмесі, емшара бөлмесі, санитариялық торап, қосалқы үй-жайлар. Есіктердің ені мен оның орналасуы зембілмен өтуді қамтамасыз етуі тиіс.

17. Санитариялық-карантиндік пункт бірінші қабатта орналасады, халықаралық сапарлардың ұшып келуі аймағында мынадай үй-жайлар жиыны болуы тиіс: дәрігер бөлмесі, ұшу алаңына жеке кіріп-шығатын есігі және санитариялық торабы бар изолятор, қосалқы үй-жай.

Санитариялық-карантиндік пункттер орналастыруға арналған үй-жайлар ақысыз негізде ұсынылуы тиіс.

18. Аэровокзалдың персоналы және мамандандырылған ведомстволық қызметтер үшін тұрмыстық үй-жайлар көзделеді.

19. Ана мен бала бөлмесі оқшауланған жер бетіндегі бөлікте орналастырылады. Ана мен бала бөлмесін екінші қабаттан жоғары орналастыруға жол берілмейді.

20. Ана мен бала бөлмесіндегі барлық үй-жайлар қажетті жиһаздармен, мүкаммалмен жабдықталады.

21. Ана мен бала бөлмесіндегі терезелерді асхана мен санитариялық торап терезелерінің үстінде орналастыруға жол берілмейді.

22. Аэровокзал жанында жолаушылардың ұзақ уақыт демалуына арналған қонақ үйлер болуы тиіс.

23. Қонақ үй болмаған жағдайда жолаушылардың ұзақ уақыт демалуына бөлме қарастырылуы қажет. Жолаушылардың ұзақ уақыт демалатын бөлмелері қажетті мүкаммалмен (креслолар, үстелдер, орындықтар, айналар), сырт киімдерді сақтайтын шкафтармен, қол жуғышы бар санитариялық тораптармен жабдықталады.

24. Үй-жайларда күнделікті Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып ылғалды жинау жүргізіледі.

25. Стационарлық жүк сақтау камералары бірінші қабатта немесе жертөле үй-жайында орналасады.

26. Жүк бөлімшесі жеке ғимаратта немесе аэровокзалдың ішінде орналасады. Оның құрамына мыналар енеді: жүкті тиеуге және түсіруге арналған механизммен жабдықталған қойма, жұмыс үстелі мен жеке және арнайы киімдерге арналған шкафы, қызметтік құжаттарға арналған шкафы бар қабылдап-өткізушінің бөлмесі.

27. Жертөле үй-жайында мынадай үй-жайларды орналастыруға жол беріледі:

сақтау камералары, персоналға арналған тұрмыстық үй-жайлар, санитариялық тораптар, жинау мүкаммалын сақтау қоймасы, қойма үй-жайлары, мүгедектердің арбасын көтеретін жылжымалы көтергіштерге арналған бөлме.

28. Үй-жайлардың құрылысы мен жабдықталуы аз қозғалатын келушілер үшін қол жетімділікті көздеуі тиіс.

29. Бойлер, ауаны баптау камераларында, желдету камераларында және шу мен діріл көздері бар басқа да үй-жайларда дыбыс пен дірілден оқшаулайтын іс-шаралар көзделеді.

30. Мейрамхана, дәмхана, буфет үй-жайларының құрамы мен оны жоспарлау, шаштараздардың және басқа да коммуналдық-тұрмыстық объектілердің жабдықталуы және оларды күтіп-ұстау шикізат пен дайын өнімнің қарама-қарсы ағынын, сондай-ақ келушілер мен персоналдың қарама-қарсы қозғалысын болдырмайтын технологиялық процесстің ағынын көздеуі тиіс.

31. Жолаушыларға арналған, оларға қызмет көрсетуге қатысты емес басқа да мақсаттарға арналған үй-жайларды пайдалануға жол берілмейді.

32. Күту залдарында жолаушыларға қажетті ақпарат құралдары (сағат, анықтамалық автоматты қондырғылар, кесте) орналастырылады. Ақпарат жүйесінде аз қозғалатын келушілерге арналған дыбыс және жарық көрсеткіштері қарастырылады.

33. Күнделікті тазалау жұмыстары ластану деңгейіне қарай жүргізілуі қажет, тәулік бойы жұмыс істейтін аэропорттарда алты реттен кем емес. Тазалау жұмыстарына еденді, терезенің алдын, жиһаздарды жуу, дәретханаларды, қол жуатын орындарды, темекі шегетін бөлмелерді, қоқыс салатын жәшіктер және сауыттарды жуу және зарарсыздандыру енуі қажет.

34. Жинау мүкаммалы таңбаланады («дәретханаға арналған», «еденге арналған», «жиһазға арналған»). «Жиһазға арналған» деген белгісі бар мүкаммалды қабырғаны жуу үшін де қолдануға жол беріледі. Күту залдарының үй-жайларын, вестибюльді тазалау үшін мынадай шағын механикаландыру құралдары қолданылады: еден жуатын машиналар немесе вакуумдық шаң жинау жүйелері, шаңсорғыштар және телескопиялық мұнаралар.

35. Үй-жайларды ауқымды жинау айына кем дегенде екі рет жүргізіледі. Төбелерді, карниздерді, барельефті шаңнан тазарту шаңсорғышпен жүргізіледі. Жарықтандыру құралдары, терезе карниздері және витраждар, желдету және жылыту аспаптары жуылады немесе сүртіледі. Үй-жайларды жинау Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі.

36. Үй-жайларда дезинфекциялау, дератизациялау, дезинсекциялау іс-шаралары жүргізіледі. Дезинфекциялау, дератизациялау, дезинсекциялау үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген құралдар қолданылады.

## 3. Сумен жабдықтауға, кәрізге, желдетуге және жарықтандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

37. Орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көзін таңдау әуе көлігіндегі мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының сумен жабдықтау көзіне берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы негізінде су көзіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

38. Шаруашылық-тұрмыстық және ауыз су мұқтаждығы үшін пайдаланылатын су қолданыстағы санитариялық ережелердің талаптарына жауап беруі тиіс. Қолданылатын су мөлшері өндіріс қажеттілігін қамтамасыз етуі тиіс. Апаттық жағдайға байланысты су ажыратылған жағдайда объектіде жылына кемінде екі рет тазалануы және дезинфекциялануы тиіс резервтік қорға арналған сыйымдылықтар болуы тиіс.

39. Су құбырын жүргізу оқшауланған, жабылатын ғимаратта орналасуы және таза ұсталуы тиіс, судың қозғалысына тек бір бағытта ғана жол беретін кері клапандар, манометрлер, судың сынамасын алуға арналған шүмектер, ағуға арналған жолдар болуы тиіс.

40. Аэровокзал ғимаратында, әуежайдың барлық объектілерінде орталықтандырылған сумен жабдықтау және орталықтандырылған кәріз болуы тиіс.

41. Сумен жылыту жүйесінің ыстық суын өндірістік мақсатта пайдалануға жол берілмейді.

42. Аумақта көгалды суару үшін шүмек қарастырылады.

43. Дәретханалар еден тостағандарымен жабдықталады.

44. Дәретханалар еден тостағандарымен жабдықталуы тиіс.

45. Әйелдерге арналған дәретханалар әйелдер гигиенасы кабинасымен жабдықталуы қажет.

46. Қол жуатын орындарда мыналар болуы тиіс: әрбір 4 санитариялық аспапқа 1 қол жуғыш, бірақ бір дәретханада біреуден кем емес; әрбір 2 қолжуғышқа 1 электрлі сүлгі немесе қағаз сүлгі; ерлерге арналған дәретханаларда - электрлі қырғышқа арналған штепсельді розетка.

47. Дәретханаға арналған мүкаммал таңбаланады және дәретханадағы арнайы бөлінген орында сақталады. Оны басқа үй-жайларды тазалау үшін қолдануға жол берілмейді.

48. Аэровокзалдың үй-жайлары жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерімен жабдықталады.

49. Барлық сырттан кіретін жерлерде ауа-жылу перделері немесе

жылытылатын тамбурлар қарастырылады.

50. Жылыту аспаптары мен желдеткіштің құрылысы оларды кірден ыңғайлы тазартуды қамтамасыз етуі тиіс. Адам болатын аймақтағы ауа қозғалысының жылдамдығы қыста секундына 0,3 метрден (бұдан әрі – м/сек) аспауы тиіс.

51. Ауа жинау құрылғылары оларға ластанған ауаның, газдың, судың түсуін болдырмайтын жерлерде орналасады.

52. Рециркуляциялық ауа үй-жайға берілетін ауаның 30 пайызынан (бұдан әрі - %) аспайтын көлемде ерекше жағдайларда ғана қолданылады. Рециркуляциялық ауа шаңсүзгіш және зарарсыздандырғыш сүзгілер, соратын-шаң сорғыш сүзгілер көмегімен тазартылады. Жолаушылар демалатын аймақтағы үй-жай ауасындағы шаңның шоғырлануы 1 текше метрге 0,5 миллиграммнан (бұдан әрі - мг/м$^3$), көмірқышқыл газының шоғырлануы - 0,1 %-дан аспауы керек.

53. Фрамугалардың, сорып-шығаратын торлардың орналасуы үй-жай ішіндегі ауаның біркелкі алмасу және бөлмені тікелей желдету мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 30-60% шегінде болуы тиіс.

54. Желдеткіштің механикалық сору жүйесі табиғи жолмен алмастыру арқылы сыртқы ауаны үй-жайға жазғы уақытта бір адамға кем дегенде сағатына 30 текше метр (бұдан әрі – м$^3$/сағ), ал қысқы және ауыспалы кезеңде сағатына кемінде 20 м$^3$ қамтамасыз етуі тиіс. Табиғи жарығы жоқ жерасты және жер бетіндегі үй-жайларға жылдың барлық мезгілінде 60 м$^3$/сағ, билет кассаларына бір кабинаға кемінде 100 м$^3$ сағ ауа берілуі тиіс.

55. Жер үстіндегі үй-жайларды табиғи жарықтандыру терезелерді біркелкі орналастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Терезелердің әйнектелген бөлігі ауданының еден ауданына қатынасы кемінде 1:5 болуы тиіс.

56. Ашылатын терезелер және витраждар рамаларының арасын жуу үшін ыңғайлы болуы тиіс, фрамугты ашуға арналған құрылғысы болуы тиіс.

57. Адамдар үнемі болатын үй-жайларда табиғи жарықтандыру көзделеді.

58. Апатты жарықтандыру аэровокзалдың мынадай үй-жайларында орындалады: вестибюльдерде, жаяу жүретін жерасты жолдарында, дәліздерде және баспалдақтарда; бір мезгілде 100-ден аса адамдар болатын жеке үй-жайларда, ана мен бала бөлмесінде, демалыс бөлмелері мен медициналық және санитариялық-карантиндік пункттерде.

59. Апатты жарықтандыру еденге жарықты кемінде 1 люкс қамтамасыз етуі тиіс. Адамдарды эвакуациялайтын есіктер, сондай-ақ өрт сөндіретін гидранттар жарықтандыру көрсеткіштерімен жабдықталады.

60. Аэровокзалдардың үй-жайларындағы шамшырақтар айына кем дегенде 2 рет, ашық кеңістікте жылына кемінде 4 рет тазартылады.

61. Ана мен бала бөлмесінің ұйықтайтын үй-жайында кезекші жарықтандыру қарастырылады.

*- Ескертпе:

VIP - мемлекеттік және шетелдік делегацияларға қызмет көрсету залы

CIP - жолаушыларға коммерциялық қызмет көрсету

«Азаматтық авиацияның авиациялық-техникалық базаларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне
1-қосымша

## Азаматтық авиация бөлмелеріндегі дыбыс және дыбыс қысымының рұқсат етілген деңгейлері

| Бөлмелердің тағайындалуы | Тәулік уақыты сағат | Дыбыс қысымының деңгейі, Дб орташа геометрикалық жиіліктегі октавалық полосы Гц | | | | | | | | | Дыбыс деңгейі LA дБА және эквивалентті дыбыс деңгейі LA экв дБА | Жоғары дыбыс деңгейі LA мах дБА |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 31,5 | 63 | 125 | 250 | 500 | 1 000 | 2 000 | 4 000 | 8 000 | | |
| Қонақ үй және жатахана тұрғын бөлмелері | 7-23 | 83 | 67 | 57 | 49 | 44 | 40 | 37 | 35 | 33 | 45 | 60 |
| | 23-7 | 76 | 59 | 48 | 40 | 34 | 30 | 27 | 25 | 23 | 35 | 50 |
| Дәмхана, мейрамхана, асхана залдары | | 90 | 75 | 66 | 59 | 54 | 50 | 47 | 45 | 43 | 55 | 70 |
| Дүкендердің сауда залы, аэропорттардың вокзалдардың жолаушылар залы, тұрмыстық қызмет көрсетудің қабылдау пункттері | | 93 | 79 | 70 | 63 | 58 | 55 | 52 | 52 | 49 | 60 | 75 |

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2010 жылғы 3 тамыздағы
№ 586 бұйрығына
2-қосымша

**«Азаматтық авиацияның авиациялық-техникалық базаларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі 1. Жалпы ереже**

1. Санитариялық ереже «Азаматтық авиацияның авиациялық-техникалық базаларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» авиационно-техникалық базалардың аумағына, сумен жабдықталуына, кәріздеуге , жылытуға, желдетуге, жарықтандыруға, бөлмелерін жабдықтауға және жұмысшылардың жұмыс орнына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды, жобаланатын, салынатын, реконструкцияланатын және пайдаланылатын азаматтық авиацияның авиациялық-техникалық базаларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы санитариялық ережелерде мынадай анықтамалар пайдаланылған:

1) авиациялық-техникалық базалар – техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу, әуе кемелерінің құрылымдарын жетілдіру, технологиялық жабдықты және құралдарды жөндеу, ұшу ақпаратын жинау және мағынасын ашу бойынша жұмыстар кешенін орындауға арналған ұйымдар;

2) сіңіру сүзгілері – газды немесе сұйықтық ортаның заттарын сіңіруге қабілетті материалдардан дайындалған сүзгілер;

3) ангар – ұшақтар мен тік ұшақтарды сақтауға, оларға техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған құрылыстар;

4) жетілдіру жұмыстары – техникалық жағдайларға сәйкес қандай-да бір агрегатты, бұйымды жұмыс жағдайына келтіру бойынша қорытынды жұмыс;

5) герметикалар – болт, шеге және басқа да қосылыстарға, олардың су өткізбеуін қамтамасыз ету мақсатында түсірілетін полимерлер негізіндегі композициялар;

6) бөлшектерді жаңғақ-құм қосылған су ағынымен тазалау – бөлшектерді лакты бояу жабынынан, тоттан құм және жаңғақ қабығын қолдана отырып тазалау;

7) трассировка - электр сымдарының монтаждау сызбасы.

## 2. Авиационно-техникалық базалардың аумағындағы ғимараттарды, құрылыстарды орналастыруға және оларды күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

3. Авиационно-техникалық базаларды орналастыру учаскесін таңдағанда, онда орналасатын ұйымның аумағында мыналар қарастырылуы керек:

1) ауа кемелерінен және басқа да авиациялық техникадан шығатын шу

селитебті аумаққа аз таралу талаптарын сақтау;
2) Авиационно-техникалық базалардың ғимараттары мен имараттары электромагниттік көздерден (радиолокациялық стансалардан) радиотехникалық қондырғыларын электромагниттік өрісінен халықты қорғау талаптары орындалатындай қашықтықта орналасуы қолданыстағы гигиеналық нормативтерге сай болуы;
3) керек мөлшерде сапалы сумен қамтамасыз ету мүмкіндігін;
4) қалдық суларды жинау, бұрып жіберу тазалау мүмкіндіктерін.
4. Авиациялық-техникалық базалардың құрамына тобына байланысты мыналар кіреді:
1) әуе кемелеріне мерзімдік техникалық қызмет көрсету цехы;
2) әуе кемелеріне жедел техникалық қызмет көрсету цехы;
3) авиациялық және радиоэлектрондық жабдықты (бұдан әрі - АжРЭЖ) зертханалық тексеру және ағымдық жөндеу цехы (учаскесі);
4) авиациялық техниканы ағымдық жөндеу цехы;
5) бас механиктің цехы (учаскесі);
6) өндірісті дайындау цехы;
7) тұрмыстық жабдықтарға қызмет көрсету цехы;
8) ұшу ақпаратын жинауға және өңдеуге арналған құралдарды пайдалану бөлімшесі (бұдан әрі - ҰАЖжӨАҚПБ) немесе ұшу ақпаратын өңдеу (мағынасын ашу) және талдау учаскесі (бұдан әрі - ҰАӨжТУ);
9) авиациялық техниканы техникалық диагностикалау учаскесі (зертханасы);
10) парашюттер мен апаттық-құтқару құралдары учаскесі.
5. Авиационно-техникалық базалардың аймағында мыналар орналасады:
1) өндірістік ғимараттар;
2) ангар алдындағы алаңшалар;
3) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету ангары (ангарлық бөлім);
4) бас механиктің цех ғимараты (бөлім, учаске);
5) зертханалық тексеріс және авиатехникалық, радиоэлектронды құрылғыларды жөндеу цехының (бөлімінің, зертханасының) ғимараты; ұшу ақпаратын жинау мен өңдеу техникалық орталығын пайдалану бөлімі немесе ұшу ақпаратын өңдеу мен талдау учаскесі; авиатехниканың техникалық жағдайының диагностикалық учаскесі (зертхана) (мұндай үй-жайларды, осы ережелерде көрсетілген талаптарды сақтаған жағдайда негізгі өндірістік ғимараттарда орналастыруға болады);
6) Ауа кемелерінің жұмыстарын аяғына дейін жеткізуге және авиадвигательдеріне сынақ жүргізуге, жууға және ауа кемелерін мұздан тазалауға, ауа кемелерінің техникалық көмек көрсету механизмдерін жөндеу мен сақтауға және авиационно-техникалық базалардың арнаулы автокөліктеріне

арналған арнайы алаң;

7) авиахимиялық аппараттарды жөндеу және ағымдық қызмет көрсетуге арналған ғимарат, ауа кемелерін және авиахимиялық аппараттарды дегазациялауға, жууға арналған арнайы алаңдар (тек, авиациялық-техникалық жұмыстарды жүргізіп, ауа кемелеріне қызмет көрсететін авиационно-техникалық базалар үшін);

8) арнайы сұйықтықтарды, қалдықтар мен түсті металлдарды, арнайы сұйықтықтардан босаған бос ыдыстарды уақытша сақтауға арналған алаңдар.

6. Әуе кемелерінің жетілдіру жұмыстарына және авиақозғалтқыштарын сынауға арналған ғимараттар мен құрылыстардың бас жағында 300 метрден кем емес қашықтықтағы арнайы белгіленген алаңдар.

Әуе кемелерін және авиахимиялық аппараттыраны дегазациялауға және жууға арналған арнайы белгіленген алаңдар авиационно-техникалық базаның ғимараттары мен құрылыстарынан 200 метрден кем емес және әуежайдың әкімшілік және қоғамдық ғимараттарының ық жағында 300 метрден кем емес қашықтықта орналасуы тиіс.

7. Арнайы сұйықтықтарды сақтау орны әуежайдың өндірістік, әкімшілік және қоғамдық ғимараттарынан 300 метрден кем емес қашықтықта орналасуы тиіс.

8. Арнайы сұйықтықтардан босатылған бос ыдыстарды, қалдықтар мен түсті металдарды және арнайы сұйықтықтарды уақытша сақтауға арналған алаңдар АТБ ғимараты мен құрылысынан 50 метрден кем емес және әуежайдың әкімшілік және қоғамдық ғимаратынан 200 метрден кем емес қашықтықта орналасуы тиіс.

9. Авиационно-техникалық базаның аумағында жанар-жағар май және зиянды газ бөлетін қоймаларды орналастыруға, аумақты ластайтын материалдар қоймаларын және өндірістерді ұйымдастыруға жол берілмейді.

10. Агрегаттар және аккумуляторларды зарядтау, сүзгілерді жуу және тазалау , доңғалақтардың барабанын тазалау, қаптарды және шыныдан жасалған басқа да мүкаммалды жөндеу, электр тетіктерінің щеткаларын арматуралау, пісіру және сырлау жұмыстарының үй-жайлары авиационно-техникалық базасының ғимараттары мен құрылыстарының сыртқы қабырғасының ық жағында орналасуы тиіс.

11. Солтүстік құрылыс-климаттық аймақтарда орналасқан авиационно-техникалық базаны жобалау кезінде жабық өтпелер пен ангарлар галереялары (өндірістік ғимараттар, бас механик ғимаратының цехы, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар) құрылғысымен максималды блоктау қолданылуы тиіс, сондай-ақ ғимараттардың жел жақтағы қабырғаларының ұзындығын шектеуі тиіс (қысқы жел бағыты бойынша) және оларда терезелер, есіктер және қақпалар көзделмеуі тиіс.

12. Авиационно-техникалық базаның аумағы жапырақты және қылқан жапырақты ағаштармен көгалдандырылуы тиіс.

13. Сумен жабдықтау, кәріз, жылумен қамтамасыз етудің сыртқы торабының құбырларын трассировкалау мен салуды авиационно-техникалық базаның аумағын жинауды қамтамасыз ету мүмкіндігін және кіретін жолдарды ескере отырып жүргізу қажет.

14. Оқшауланған үй-жайларда мынадай учаскелер орналасуы тиіс: ҰАЖжӨАҚПБ (ҰАӨжТУ), аккумуляторларды зарядтау, сүзгілерді және доңғалақтардың барабандарын жуу және тазалау, авиатехника бөлшектері мен агрегаттарын жаңғақ ағысымен және құм ағысымен тазалау, шыны талшықтарынан жасалған бұйымдарды жөндеу, электр тетіктердің щеткаларын арматуралау, пісіру және сырлау жұмыстары, жанар-жағар май материалдарын спектральдық талдау, отын шығынын өлшеу құралдарын тексеру, ұшақтың өрт сөндіргіштерін зарядтау, баспа-көбейту учаскелері.

15. Жұмысы мен технологиялық жабдықтары шудың жоғары деңгейімен қоса жүретін механикалық, слесарлық-қадау және басқа да учаскелері қапталған дыбыстан оқшауланған қабырға қоршаулары бар оқшауланған үй-жайларда орналасуы тиіс.

16. Ультрадыбыстық генераторлар және дыбыс өзгерткіштер үй-жайдың есіктерін ашқанда оларды ажыратуды қамтамасыз ететін, қашықтықтан сырттай басқару және блоктауы бар оқшауланған үй-жайларда орналасуы тиіс. Ультрадыбыстық генераторларды және дыбыс өзгерткіштерді ортақ үй-жайда оларды үй-жайдың биіктігі бойымен дыбыс өткізбейтін материалдардан дайындалған қалқалармен бөлген кезде орналастыруға рұқсат беріледі.

17. Үй-жайдың биіктігі 3 метрден биік болғанда ультрадыбыс құралдары кабиналарда (бокста) немесе экрандармен (қаптармен) қоршалуы тиіс.

18. Дыбыс өткізбейтін қоршаулар еденнен рубероид, техникалық резеңке, пластмасса типті дыбыс өткізбейтін материалдармен қапталған, металл емес материалдардан, дюраллиминий немесе жапырақ болаттан дайындалған резеңке төсемдермен оқшаулануы тиіс.

19. Компрессорлық станциялар және қондырғылар жеке ғимараттарда немесе құрылыстарда орналасуы тиіс. Егер дыбыс өткізбейтін қабырға мен төбесі қоршаулары бар болса, оларды АТБ-ның өндірістік ғимаратының бірінші қабатына орналастыруға рұқсат беріледі.

20. Радио жабдықтарын жөндеу және тексеру үй-жайлары экрандалған болуы және екінші қабаттан төмен емес немесе жеке ғимаратта не құрылыста орналасуы тиіс. Осы үй-жайлар көрші бөлмелерге иондық сәулеленуді өткізбейтін сіңіретін материалдармен жабылуы тиіс. Бір бағытта бағытталған сәулелену жағдайында қабырғаның, еденнің және төбенің тиісті учаскесіне

сіңіретін жабын қолдануға жол беріледі.

21. Авиационно-техникалық базаның ғимараттары мен құрылыстарының радиолокациялық станциялардың антенналарына бағытталған терезелерінде металл торлар немесе радиоқорғаныш әйнегі орнатылуы тиіс.

22. Ангарларда (ангарлық секцияларда) қабырғаның жоғарғы бөлігінде табиғи жарықтандыру көзделуі тиіс. Жарық түсетін жерлердің ауданы ангар алаңының 25 пайызынан (бұдан әрі - %) кем құрамауы тиіс.

23. Ангарлық қақпаларда қол жетегін пайдалану мүмкіндігімен механикаландырылған ашу (жабу) болуы тиіс. Қақпаның жоғарғы бөлігі шыныланған болуы тиіс.

24. Солтүстік климаттық аймақтардағы өндірістік ғимараттар мен құрылыстарға кіретін орындардың әрбір тамбурдың ұзындығы 1,2 метрден кем емес болатын тереңдіктегі екі тамбуры болуы тиіс.

25. ҰАЖжӨАҚПБ (ҰАӨжТУ) қондырғыларын пайдалану үй-жайларындағы қабырғалары дыбыс өткізбейтін материалдардан жасалуы тиіс (поливинилацетат эмульсиясының негізінде кейіннен тығындау және эмаль бояулармен сырлау арқылы гипстік тесік плиталар).

26. Электрохимиялық қағаздармен жұмыс жүргізілетін ҰАЖжӨАҚПБ ( ҰАӨжТУ) барлық үй-жайларында мыналар:

1) қабырғалар, есіктер, терезелер мен есіктердің жақтаулары, поливинилацетат эмульсиясымен ерітілген шпаклевка алдын ала жағу арқылы эмаль бояумен сырлануы тиіс;

2) еден керамикалық тақтайшалармен, линолеуммен немесе басқа да жеңіл жуылатын материалдармен жабылуы тиіс. Жоғарғы қорғаныш жабынсыз ағаш ( тақтай, паркет) еденді пайдалануға жол берілмейді.

27. Ангарлар (ангарлық секциялар) үй-жайлары еденінің беті кірден, төгілген арнайы сұйықтықтардан және жанар-жағар май материалдарынан тазалау үшін қол жетімді болуы тиіс.

28. Авиационно-техникалық базаның өндірістік ғимараттары мен құрылыстарына кіретін жерде аяқ киімді тазалауға арналған тірек сүйеніштермен және тұтқалармен жабдықталған металл торлар мен құралдар болуы тиіс.

## 3. Өндірістік процесстер мен жабдықтарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

29. Технологиялық процесстерді ұйымдастыру және жабдықтарды пайдалану зияны өндірістік факторлардың адам ағзасына әсерін болдырмауға және азайтуға бағытталуы осы санитраиялық ереженің 1-қосымшасына сәйкес жүргізіледі. Технологиялық процесстерді өзгерту және жабдықтарды жетілдіру өндірістік

ортаның жағдайын нашарлатпауы тиіс.

30. Октавалық жолақ жиілігіндегі дыбыс қысымының шекті деңгейлері, дыбыс деңгейі және өндірістік үй-жайларда және Авиационно-техникалық базаның аумағында жұмыс орындарындағы өндірістік операциялар үшін децибелмен (бұдан әрі – дБ) дыбыстың эквивалентті деңгейлері осы санитариялық ережеге 2-қосымшаға сай нормативке сәйкес келуі тиіс.

31. Рұқсат етілген шекті деңгейден жоғары шу шығаратын жабдықтарды топтастыру және ортақ үй-жайдан бөлек дыбыстан оқшаулау мен экрандалған қалқа учаскесімен бөлінетін үй-жайдың жеке бөлігінде орналастыру қажет.

32. Жұмыс барысында рұқсат етілген деңгейден жоғары жоғары жиілік шу мен ультрадыбыс шығаратын АжРЭЖ жабдық зертханалық тексеру және жөндеу цехында дыбыстан оқшаулау қабында орналастырылады.

33. Сүзгілерді, авиатехника бөлшектері мен агрегаттарын ультрадыбыстық тазалау ванналары ультрадыбыстық генераторларды автоматты ажырату және ванна қақпақтарын ашу кезінде қайта өзгерткіштер құрылғыларымен жабдықталады.

34. Дыбыс оқшаулау қабы бар ультрадыбыстық генераторлар мен қайта өзгерткіштің басқару органдары мен пульттері оларға еркін келуді қамтамасыз ету үшін дыбыс жұтатын материалдармен жаппауға болады.

35. Жұмыс орындарында діріл тудыратын компрессорлар, сорғылар, ұста балғалары, пресстер және басқа да жабдықтар жеке іргетастарға немесе дірілден оқшаулайтын (дірілді басатын төсеніштер мен кілемшелер) тірек конструкцияларында орналасуы тиіс.

36. Ауаға зиянды химиялық заттар мен ылғал (бактар, ванналар) бөлетін көздер болып табылатын жабдықта жабық ағызатын орын болуы тиіс.

37. Үй-жайларда бояғыштар мен арнайы сұйықтықтардың, эпоксидті шайырлар мен желімдердің ерітінділерін, герметиктер мен зиянды немесе қолайсыз иіс шығаратын басқа да заттарды дайындау тек сору шкафтарында немесе сору шатырының астында жүргізіледі.

38. Шыны матаны пішуге арналған немесе шыны материалдарынан жасалған бұйымдарды жөндеуге арналған жұмыс үстелдері (верстактар) кесінділер мен қалдықтарға арналған бүйір жинақтарымен жабдықталады, беті шыны шаңынан жеңіл тазаланатын тегіс әрі берік болуы тиіс. Үстелдерді жинау пневматикалық сорғының көмегімен ылғалды тәсілмен жүргізіледі. Құрғақ жинауға жол берілмейді.

39. Пайдаланылған шүберектер мен ластанған сүрту материалдары жиналады, қақпақты темір жәшіктерге салынады және жұмыс ауысымы аяқталған соң жұмыс орнынан арнайы бөлінген жерге алынып тасталады.

40. Құрамдас электр және магнит өрістерінің кернеу нормалары, энергия

ағымының тығыздығы, энергетикалық жүктеме қолданыстағы стандарттар талаптарына сәйкес қабылданады.

41. АжРЭЖ жөндеу және тексеру цехтарында (учаскелерде, зертханаларда) радиожиіліктің электромагниттік өрісін рұқсат етілген шекті деңгейге дейін төмендететін толқын-сулы тармақтар, әлсіреткіштер және қуатты сіңіргіштер, мақсат имитаторлары және басқа да құрылғылар қабылданады.

42. Өте жоғарғы жиілік (бұдан әрі - ӨЖЖ) толқындарын шығаратын радиолокациялық құрылғыларды тексеру кезінде антенналық құрылымдар жұмыс орындарынан металл торлардан (торша) жасалған экрандармен немесе сіңіретін жабыны бар басқа да материалдардан жасалатын экрандармен қоршалады.

43. Авиационно-техникалық базаның ангарларында, цехтарында және учаскелерінде агрегаттар мен қуат массалары қондырғыларының бөлшектерін тасымалдау және көтеру (түсіру) үшін көтеру тетіктері көзделеді.

## 4. Негізгі жұмыс орындарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

44. Жұмыс орындарының конструкциясы, олардың жабдықтары және жабдықталуы мотор алаңының тиісті аймағының шегінде жұмысты отырып немесе тұрып, немесе кез келген қалыпта еңбек процессінің ерекшеліктеріне, қолданылатын технологиялық жабдыққа және жұмыс аймағының өлшемдеріне байланысты орындау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

45. Жұмыс орны өндірістік ортаның зиянды факторларынан 3 - 4 қосымшаға сәйкес мұқият қорғалады және жабдықтарды және қызмет көрсететін аймақты дұрыс көруді қамтамасыз етеді.

46. Негізгі және қосымша жабдықтарды орналастыру өндірістік операциялар орындау үшін бос кеңістік және өлшемдері бойынша жеткілікті өтпелерді және жұмыс орнына қызмет көрсету аймағында жұмыс істеушінің қозғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

47. Жұмыс негізінен отырып орындалатын цехтардағы (учаскелердегі, зертханалардағы) жұмыс орындықтары (креслолары) еңбек операцияларын оңтайлы қалыпта орындау үшін көтеріліп-бұрылатын болуы тиіс. Жұмыс орындығының отыратын жері, арқалығы, жапқыштары және басқа да элементтері беті таймайтын жартылай жұмсақ, су өткізбейтін, ластанудан жеңіл тазаланатын, химиялық тазалануы және жуылуы тиіс.

## 5. Жылытуға, желдетуге және жарықтандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

48. Авиационно-техникалық базаның үй-жайларын желдету жұмыс аймағының ауасында рұқсат етілген шекті шоғырланудан аспайтын зиянды химиялық заттар мен шаңның болуын қамтамасыз етуі тиіс.

49. Авиационно-техникалық базаның үй-жайларындағы ауаның температурасы, қозғалу жылдамдығы, салыстырмалы ылғалдылығы осы санитариялық ережеге 5-қосымшасына сай қабылдануы қажет.

50. Тозаң бөлетін (бөлшектерді құм және жаңғақ ағыны арқылы тазалау, щеткаларды арматуралау, доңғалақтарды жөндеу, ағаш шеберханасы) өндірістік үй-жайлардағы жылыту құралдарының беті жеңіл тазалауға мүмкіндік беретін тегіс болуы тиіс.

51. Бір жұмыс істеушіге көлем кемінде 20 текше метр болатын өндірістік үй-жайларда әрбір жұмыс істеушіге сыртқы ауаны беру сағатына 30 текше метр көлемінде, ал әрбір жұмыс істеушіге көлем 20 текше метрден артық болатын үй-жайларда әрбір жұмыс істеушіге сағатына кемінде 20 текше метр көзделеді.

52. Үй-жайға келіп түсетін ауада зиянды заттардың болуы рұқсат етілген шекті шоғырланудан 30 % аспауы тиіс. Үй-жайларда желдету, ауамен жылыту, ауа баптау үшін ауаны рециркуляциялауды пайдалануға жол берілмейді.

53. Көрші үй-жайдан зиянды заттар мен тозаң бөлу арқылы оларды бөлместен үй-жайға ауа ағысын болдырмау үшін (аккумуляторлық цех, сүзгілер мен бөлшектерде жуу, сырлау, пісіру, ағаш шеберханасы, арнайы сұйықтықтың ерітіндісін, эпоксидті желімді, тұмшалаушыларды дайындау, щеткаларды арматурлау, электр химиялық қағаздарды пайдалану, борттағы өрт сөндіргіштерді толтыру, шығын өлшегіштерді жөндеу және автоқозғалтқыштардың жұмысын тексеру құралдары, жанар-жағар май материалдарына спектральдық тексеру жүргізу және шыныдан жасалған материалдарды жөндеу, тігу) зиянды заттар мен тозаң бөлінулері арқылы үй-жайдан шығатын ауа көлемі берілетін ауа көлемінен 20 % артық болуы тиіс.

54. Ауаға зиянды заттар мен тозаң бөліп шығару көзі болып табылатын технологиялық құралдардан жергілікті сору желдеткіші көзделеді.

55. Электрохимиялық қағаздарды пайдалана отырып ұшу ақпаратын өңдейтін жұмысшы үстелдер және шыны материалдармен жұмыс істеуге арналған үстелдер (верстактар) бүйірлік сорғылар түрінде жергілікті сору желдеткіші жабдықталады.

56. Солтүстіктік климаттық-құрылыстық аймақтардағы өндірістік ғимараттардың қақпалары мен есіктерінің алдында (тамбурлар мен шлюздер болмаған жағдайда) үй-жайлардағы қақпаны немесе есікті ашқан кезде берілетін ауаның температурасын 12°С төмендетпеуді қамтамасыз ететін жылыту перделері көзделеді.

57. Зиянды химиялық заттар және тозаң бөлінетін мынадай үй-жайлардағы жергілікті сору жүйесі сүзгі құрылғыларымен жабдықталуы тиіс:

1) аккумуляторлық, бөлшектерді және сүзгілерді химиялық және ультрадыбыспен жуу, жанар-жағар май материалдарын спектральдық талдау, шығыс өлшегіштерді және авиақозғалтқыштардың жұмысын бақылайтын аспаптарды тексеру, арнайы сұйықтықтарды, эпоксидті желімдер мен талшықты сүзгілері бар тығыздағыштарды дайындау;

2) ағаш шеберханалары, щеткаларды арматуралау, шыны материалдардан жасалған бұйымдарды жөндеу, бөлшектерді жаңғақ-құм ағысымен тазарту, циклондармен немесе топтық жону станоктары;

3) сыртқа тебу немесе сіңіру сүзгілері бар скрубберлермен дәнекерлеу;

4) сырлау, бояулар ерітінділері мен ертінділерді дайындау, электрохимиялық қағазды пайдалана отырып ұшақ ақпараттарын өңдеу, гидросүзгілер немесе термиялық каталикалық реакторлар бар басып шығарып-көбейту қондырғылары.

58. Үй-жайдан шығатын зиянды заттар мен тозаң бар ауаны желдеткіш арқылы атмосфераға алдын ала тазартылмаған күйінде шығаруға жол берілмейді.

59. Авиационно-техникалық базалардын үй-жайларын жасанды жарықтандыру жағдайында жұмыс беттері үшін өндірістік процесстерге байланысты осы санитариялық ережеге 6-қосымшаға сәйкес жарықтандырудың ең төменгі мәні нормаланады.

60. Перронның аумағында жұмыс аймағында орташа горизонтальды жарықтандыру кем дегенде 20 лк; арнайы белгіленген алаңда - 10 лк; әуе кемелері тұрағында - 5 лк болуы тиіс.

61. Әуе кемелері тұрағының, перронның, әуе кемелеріне қызмет көрсетпейтін арнайы белгіленген алаңның (ұшақтар, тікұшақтар тұрағы араларындағы учаскелер, қызметтік кіретін жолдар) горизонтальды жарықтануының орташа деңгейі осы санитариялық ереженің 74-тармағында көрсетілген орташа жарықтандыру деңгейінің 50% кем болмауы тиіс.

62. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету үшін перронда, тұрақтарда және арнайы белгіленген алаңда жергілікті жылжымалы және тасымалды жарықтандыру құрылғыларын және ең аз горизонтальды жарықтандыруы 1 лк болатын кезекші (апаттық) жарықтандыру көзделуі қажет.

63. Өндірістік үй-жайларды апаттық жарықтандыру жалпы жарықтандыру жүйесі кезінде нормаланған жарықтың 5 % құрауы, бірақ 2 лк кем болмауы тиіс.

64. Өткелдерде, баспалдақтарда және өндірістік жабдықтар орналасқан үй-жайларда эвакуациялау жарығы көзделуі тиіс, бұл ретте едендегі және баспалдақтардың басқыштарындағы жарықтандыру 0,5 лк құрауы тиіс.

## 6. Жеке қорғаныш құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

65. Авиационно-техникалық базаның қызметкерлері жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

66. Авиационно-техникалық базаның қызметкерлері арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын алған кезде оларды қолдану тәртібі туралы нұсқаулықтан өтеді және оларды күту бойынша талаптармен таныстырылады.

67. Авиационно-техникалық базасында қызметкерлерге берілген жеке қорғаныш құралдарын химиялық тазарту, жуу, газдан арылту және жөндеу уақытында ұйымдастырылуы тиіс. Арнайы сұйықтықтармен ластанған киім алдын ала газдан тазартылып, зарарсыздандырылады, содан кейін ластанбаған арнайы киімдерден бөлек химиялық тазартуға және жууға беріледі.

68. Кезекпен пайдаланылатын жеке қорғаныш құралдарын тазартуды және зарарсыздандыруды жұмыс аяқталғаннан соң немесе басқа қызметкерге өткізетін кезде қызметкерлердің өздері жүргізеді.

69. Жеке қорғаныш құралдарын жөндеу оның қорғаушы қасиеттерін қамтамасыз етуі тиіс.

70. Арнайы киім мен арнайы аяқ киім бөлек, дербес, есігі жабылатын шкафтарда және гардеробтарда сақталады.

71. Қолдың терісін зиянды заттардың әсерінен қорғау мақсатында қорғаушы дерматологиялық заттар қолданылуы тиіс (ауысымдағы жұмыс түріне байланысты қолдану нормасы 1 ретке 5 грамм).

72. Авиационно-техникалық базаның ұйымдарында жұмыс істейтін адамдар жұмысқа қабылданар алдында алдын ала және кейін мерзімдік халықтың санитариялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте медициналық тексеруден өтуі тиіс.

## 7. Санитариялық-тұрмыстық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

73. Гардероб, шкафтардың саны мен түрлері, себезгі торлар және шүмектердің саны, арнайы тұрмыстық үй-жайлар мен құрылғылар (арнайы киімді кептіру, химиялық тазарту, жуу, жұмыскерлердің жылынуына және салқындауына арналған үй-жайлар) өндірістік процесстер топтарына сәйкес анықталады.

74. Авиационно-техникалық базаны жобалау және салу кезінде қызметкерлерге медициналық-профилактикалық қызмет көрсетуге арналған (

емдеу пункті, жұмыс уақытында дем алуға арналған үй-жай, жүйкені дем алдыруға арналған бөлме) және қоғамдық тамақтандыруға арналған үй-жайлар ( асхана, буфет) көзделеді.

75. Жұмыс істейтін адамдардың жұмыс уақытында ашық ауада жылынуға ( салқындатуға) және дем алуға арналған үй-жайлар АТБ-ның өндірістік үй-жайларында көзделеді. Егер ашық ауада жұмыс істеушілердің негізгі жұмыс орны өндірістік ғимараттан 150 м артық қашықтықта болса, онда жылынуға ( салқындауға) және дем алуға, тамақтануға арналған үй-жайлар бөлек тұрған қосалқы ғимаратта көзделеді.

76. Жылытуға арналған үй-жайлар арнайы киімдер мен аяқ киімдерді кептіруге болатындай, жылу шығаратын құрылғылармен жабдықталады. Салқындатуға арналған үй-жайлар тұрмыстық ауа баптағыштармен жабдықталады.

77. Тамақтануға арналған үй-жай қол жуғышпен, станционарлы қайнатқышпен, электр плитасымен, тоңазытқышпен жабдықталады.

78 Авиационно-техникалық базаның қызметкерлері санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

79. Бөлек орналасқан қосалқы ғимараттардағы жұмыс уақытында жылынуға ( салқындауға), тамақ ішуге арналған үй-жайларға ауыз су беті жабық бұрқақ үлгісінде шүмегі бар ыдыстармен жеткізіледі немесе сыйымдылықтарға құйылған су қолданылады. Ауыз су температурасы қосу 20$^{o}$С жоғары емес және қосу 8$^{o}$С төмен болмауы тиіс.

## 8. Өндірістік бақылау бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

80. Шу деңгейін төмендетуге және жұмыс істеп тұрған авиақозғалтқыштардан атмосфераға бөлінетін зиянды заттарды азайту үшін перрондағы және тұрақтағы әуе кемелерін арнайы көлікпен тіркеп-сүйреу көзделеді.

81. Авиақозғалтқыштарды іске қосу және сынақтан өткізу ағынды бұратын және шуды басатын құрылғылармен жабдықталған, әуе кемесінің көлденең осі өндірістік ғимаратқа перпендикуляр болатындай етіп орналастырылған арнайы белгіленген аланда немесе тұрақта жүргізіледі.

82. Әуе кемелерінің сыртын жуу арнайы сұйықтықтардың қалдықтарын жинау және жоюға арналған құрылғылармен жабдықталған арнайы белгіленген аландарда және тұрақ орындарында жүргізіледі.

83. Борттағы радиолокациялық құрылғыларды тексеру және баптау ұшу алаңына сәуле шығарушы антенна құрылғыларының және антенна

құрылғыларын оң бұрышпен «жоғары» қаратып орнату арқылы бағдар беру барысында арнайы белгіленген алаңдарда немесе тұрақтарда жүргізіледі.

84. Ластанған жуынды суды (тұрмыстық, өндірістік және ағынды сулар) ағызу әуежайдағы авиациялық-техникалық базаларды технологиялық жобалаудың қолданыстағы ведомстволық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

85. Авиационно-техникалық базаның аумағында жинақталудың мынадай орта тәуліктік нормасына байланысты: 1, 2 топтағы АТБ үшін адамға 0,2 килограмм көбейтілген сағатқа (кг/адам х сағ), 3-5 топтағы АТБ үшін – 0,35 кг/адам х сағ. Қатты өндірістік-тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған орын көзделуі тиіс.

«Азаматтық авиацияның авиациялық-техникалық базаларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне 1-қосымша

## Зиянды өндірістік факторлардың көзі болып табылатын процесстердің, операциялардың, жабдықтардың тізбесі

| Процесстердің, операциялардың, жабдықтардың атаулары | Зиянды өндірістік факторлар |
|---|---|
| Перронда, әуе кемелерінің тұрағы орындарында жүргізілетін жұмыстар | Шу, ультрадыбыс, зиянды заттар (бензиннің буы, керосин, көміртегі оксиді, азот оксиді, майдың аэрозолдары, тозаң) |
| Тұрақ орындарында және арнайы алаңдарда әуе кемелерінің авиақозғалтқыштарын және қосалқы күш өндіретін қондырғыларын іске қосу және сынақтан өткізуге байланысты жұмыстар<br>Әуе кемелерін жанар-жағар майлармен, арнайы сұйықтықтармен жабдықтау | Шу, ультрадыбыс, зиянды заттар (керосин буы, көміртегі оксиді, азот оксиді, майдың аэрозолдары, формальдегид, майдың бұзылуынан пайда болған өнімдер, тозаң)<br>Зиянды химиялық заттар (отынның булары: алифаттық, алициклдық, иісі бар, мұнайлық, терпендік көмірсутектер; минералдық және синтетикалық майлардың аэрозолдары; жұмысшы сұйықтықтары аэрозолдары) |
| Әуе жай кемелерін өңдеу | Арнайы мұздатпайтын сұйықтық |
| Борттағы санитариялық тораптарды жуу және тазарту | Борттағы санитариялық тораптарды өңдеу және толтыру кезінде пайдаланылатын арнайы сұйықтық |
| Әуе кемелерінің сыртын жуу | Арнайы жуу сұйықтықтары |
| Арнайы алаңдарда және әуе кемелерінің тұрағында борттағы радиотехникалық құралдарды тексеру барысында атқарылатын жұмыстар (оның ішінде жылжымалы самолеттік зертханалардың көмегімен): радиостанцияның<br>радиолокациялық станцияның | Электромагнитті сәуле бөлу: - 06-300,0 мегегерц (бұдан әрі - МГц) диапазонында - 03-300,0 гигагерц (бұдан әрі - ГГц) диапазонында |
| Ангар алдындағы алаңда әуе кемелерін сырлау | Зиянды химиялық заттар (ацетон, толуол, эпихлоргидрин, этилацетат) |

| | |
|---|---|
| Бөлшектер мен сүзгілерді жуу (химиялық) | Шу, зиянды химиялық заттар (бензин буы, толуол, бензол, моноэтаноламин) |
| Сүзгілерді жуу (ультрадыбыстық) | Ультрадыбыс, шу, зиянды химиялық заттар (сол, химиялық жууда қолданылатын заттар) |
| Әуе кемелерінің бөлшектерін іске қайта қосуға дайындау, тежегіштерді бөлшектеп ажырату және с.с. | Зиянды химиялық заттар (бензиннің буы, ацетон, толуол , бутилацетат), Этилацетат |
| Шөткелерді арматуралау, резеңке бұйымдарды дайындау | Зиянды химиялық заттар (көмірсутегі, графитті канифоль тозаңы) |
| Майыстыру жұмыстары | Шу, діріл (жергілікті) |
| Эпоксидті желімді қолдана отырып атқарылатын ұсталық жұмыстар | Шу, діріл (жергілікті), зиянды заттар (ағаш тозаңы, эпихлоргидрин) |
| Органикалық әйнекті кесу және өңдеу | Зиянды химиялық заттар (органикалық әйнектің тозаңы) , |
| Пісіру жұмыстары | Шу, зиянды химиялық заттар, (марганец оксиді, азот оксиді) |
| АжРЭО цехында радиотехникалық құралдарды жөндеу және іске қосу | Ультрадыбыс, мына диапазондарда электромагнит сәулесінің бөлінуі: |
| | -06-300,0 МГц диапазонында |
| | -03-300,0 ГГц диапазонында |
| Пилоттық-навигациялық, электрлік және борттық басқа жабдықтар түрлерін цехтарда және АжРЭО учаскелерінде жөндеу және іске қосу | Шу, ультрадыбыс, зиянды химиялық заттар (керосин буы, графиттік тозаң, канифоль, қорғасын) |
| Борттағы өртсөндіргіштерді толтыру | Шу, зиянды химиялық заттар (этиленгликоль, қос тотықты көмірсутегі, фреон) |
| Электрохимиялық қағазбен ҰБТАЖӨҚЛБ (ҰБТАӨЖТ ) - атқарылатын жұмыстар | Шу, зиянды химиялық заттар (формальдегид, фенол, этиленгликоль) |
| Майды спектральды сараптау бойынша МФС стендінде жұмыс істеу стендтерде арнайы сұйықтықпен тазарту | Шу, зиянды химиялық заттар (озон) |
| | Шу, зиянды химиялық заттар (көміртегі оксиді, азот оксиді, көмірсутегі, формальдегид, эфирлер) |
| Аккумоляторды зарядтау | Шу, зиянды химиялық заттар |
| (сілтілер және қышқылдар аэрозолдері) | |
| Сорғылар мен компрессорларда жұмыс істеу | Шу, діріл (жалпы) |
| Әйнекті талшықтардан бұйымдарды пішіп және тігу | Шу, зиянды химиялық заттар |
| (әйнекті талшықтардың тозаңы) | |
| Механикалық учаскелердегі жонғыш, фрезерлік, тескіш және басқа станоктардағы жұмыс изотопты көздермен жұмыс істеу | Шу |
| | Иондалған сәуле бөлу |
| Бұзбайтын бақылау құралдары өрісі | Шу, электродыбыс, электромагнит |

«Азаматтық авиацияның авиациялық-техникалық базаларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне 2-қосымша

## АТБ аумағында және үй-жайлардағы, жұмыс орнындағы өндірістік операциялар жүргізу кезінде пайда болатын дыбыс қысымының, дыбыс деңгейінің және баламалы дыбыс деңгейінің рұқсат етілген мөлшері

| Қызмет түрлері, жұмыс орны | дБ берілген, орташа геометриялық жиіліктегі октавалық жолақтардағы дыбыс қысымының деңгейі, Гц | | | | | | | | | дБ(А) дыбыс деңгейі және баламалы дыбыстың деңгейі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 31,5 | 63 | 125 | 250 | 500 | 1 000 | 2 000 | 4 000 | 8 000 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| АТБ, ТКБ инженерлік-техникалық құрамына бөлінген үй-жайлар | 93 | 79 | 70 | 63 | 58 | 55 | 52 | 50 | 49 | 60 |
| АиРЭО цехы; электрозертханасы двигателдерде бақылауға арналған аспаптарды тексерудің аспаптар зертханасы, қысылған ауамен тазалау | 103 | 91 | 83 | 77 | 73 | 70 | 68 | 66 | 64 | 75 |
| Аспаптық зертхана: мембраналық анеройдтық аспаптарды, навигациялық құрал-жабдықтарды, оттегілік құрал-жабдықтарды; зертхананың үй-жайлары: радио-байланыс және радио-локациялық құрал-жабдықтар, пилотаждық навигациялық құрал-жабдықтар, БАЖ, сөйлесу параметрін тіркейтін борттық жүйе, ОБҚ | 96 | 83 | 74 | 68 | 63 | 60 | 57 | 55 | 54 | 65 |
| ПЭССОПИ (УОАПИ) | 86 | 71 | 61 | 54 | 49 | 45 | 42 | 40 | 38 | 50 |
| Үй-жайы қондырғыны пайдалану | 96 | 83 | 74 | 68 | 63 | 60 | 57 | 55 | 54 | 65 |
| Анықтау зертханасы: рекламация, параметрлер үй-жайы, ақпарат жинау, бақылау әдісін жоймайтын | 93 | 79 | 70 | 63 | 58 | 55 | 52 | 50 | 49 | 60 |
| Майды спектральдік тексеруден өткізетін үй-жай | 96 | 83 | 74 | 68 | 63 | 60 | 57 | 55 | 54 | 65 |
| Басып шығару, көбейту зертханасы, дайындау жұмыстарын жүргізетін үй-жайлар, қоймалар | 96 | 83 | 74 | 68 | 63 | 60 | 57 | 55 | 54 | 65 |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тұрмыстық құрал-жабдықтарды пайдалану цехы, аккумуляторлық агрегаттық компрессорлық кір жуатын орын, химиялық тазалау орны | 103 | 91 | 83 | 77 | 73 | 70 | 68 | 66 | 64 | 75 |
| Әуе кемелерін жуу орны, бас механик пен ұстаның цехы | 107 | 95 | 87 | 82 | 78 | 75 | 73 | 71 | 69 | 80 |
| Борттық өрт сөндіргіштерге арналған үй-жай | 103 | 91 | 83 | 77 | 73 | 70 | 68 | 66 | 64 | 75 |
| Ағымдағы жөндеу жұмыстарын, пісіру, сырлау слесарлық ағаш жұмыстарын, ангардағы барлық жұмыстары, әуе кемесінің кабинасындағы, жылумен үрлеу машиналармен , перрондағы, әуе кемелері тұратын орындағы, ангар алдындағы аланда двигательдерді жұмысқа қосу және тексеруге тиісті аландар | 107 | 95 | 87 | 82 | 78 | 75 | 73 | 71 | 69 | 80 |

«Азаматтық авиацияның авиациялық-техникалық базаларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне 3-қосымша

## АТБ-дағы физикалық зиянды өндірістік факторлардың тізімі

| Зиянды факторлардың атауы | Еңбек қызметінің түрлері, үй-жайлар, жұмыс орны |
|---|---|
| Жоғарғы шу деңгейі | Әуе кемелеріне перронда және тұрған жерлерінде техникалық қызмет жасау; авиа двигательдерді, қосымша күш қондырғыларын арнайы адамдарды жұмысқа қосу; жылыту машиналарындағы жұмыс; электр тоғының генераторлары және оларды өзгертетіндерді тексеру; механикалық үй-жайларда слесарлық учаскелердегі компрессор орналасқан жерде; ағаш өңдеу орнында; басу, көбейту қондырғыларындағы жұмыс «Луч» қондырғысын пайдаланатын үй-жайларда және ұшу барысында алынған ақпараттарды өңдеу; самолеттердегі жылжымалы зертханаларда; |
| Жоғарғы ультрадыбыс деңгейі | қосымша күш қондырғылары істейтін әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету; жылыту машиналарындағы жұмыс; сүзгіштерді, бөлшектерді тазалау, жуу жұмыстарын ультрадыбыстық қондырғыда жүргізу; радиолокациялық аппаратпен жұмыс істеу; |
| Жоғарғы жалпы діріл деңгейі | қол пневмоқұралдарымен жұмыс істеу; майырғыш балғамен жұмыс істеу; ұста-пресс қызметінде; самолеттердегі жылжымалы зертханаларда; |
| Жоғарғы жергілікті діріл деңгейі | қол пневмоқұралдарымен жұмыс істеу; майырғыш балғамен жұмыс істеу; ағаш өңдеу станоктарында, айналмалы араларды, электро сүргілерді, рейсмус станкаларында жұмыстар ұста балғасы мен presstердегі |
| | |

| | |
|---|---|
| Температураның жоғарлауы немесе төмендеуі, салыстырмалы ылғалдылық ауаның қозғалысы | Барлық өндірістік үй-жайлар міндетті түрде анероидты мембраналық аспап орналасқан үй-жайды тексеру және жөндеу; сырлау және ағаш өңдеу жұмысында бұйымдарды ыстықтай кептіргенде, ұста дүкенінде, ангарларда |
| Еңбек ету аумағын жеткіліксіз жарықтандыру | Барлық үй-жайларда міндетті түрде бақылау жасау; перрондардың, тұрақ аумағында, арнайы алаңдарда; АиРЭО, ПЭССОПИ (УОАПИ) үй-жайларында, цехтарында, механикалық, слесарлық және ағаш жөндеу учаскелерін, тиіс жарақтармен бұйымдарды тігу орнында, зертханалық анықтау орнында, ангарларда |
| Электромагниттік сәуленің жоғарғы деңгейі | АиРЭО цехындағы радиостанцияларды, радиолокациялық құрылымдарды жөндеу, тексеру; әуе кемесі тұратын жерде арнайы алаңдарда борттық радиостанция мен радиолокациялық құрылымдарды тексеру; әуе кемесі тұратын жердегі, перрондардағы, ангар алдындағы алаңдағы жұмыстар; ( аэропорттағы курсоглисадты және метрологиялық, радиолокациялық станциялардағы ӨЖЖ сәуле көзі) |
| Иондағыш сәуле көздерінің жоғарғы деңгейі | Борттағы изотоптық дачиктерге, әуе кемесі тұратын жерде, ангар алдындағы алаңында және ангарда техникалық қызмет көрсету; борттық изотоптық дачиктерді сақтайтын үй-жайларды; АиРЭО цехының үй-жайында радиолокациялық құрылымдарды (ГМИ тектес радиошамнан шығатын рентген сәулесі) тексеру және қалыпқа келтіру |

«Азаматтық авиацияның авиациялық-техникалық базаларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне 4-қосымша

## Жұмыс аумағындағы ауадағы негізгі зиянды химиялық заттардың сипаттары мен тізімі

| Зиянды заттардың атауы | ҚРШмг/м$^3$ | Қауіпсіздік сыныбы |
|---|---|---|
| Азот тотығы (авиадвигательдерден шығатын газдар) | 5,0 | III |
| Ацетон | 200,0 | IV |
| Минералды, мұнайлы майдың аэрозолдары отын, бөлшектерді | 5,0 | III |
| майландырмайтын заттар | 100,0 | IV |
| Бензол | 5,0 | II |
| Бутилацетат | 200,0 | IV |
| Дибутилфенилфосфат (арнайы сұйықтық) | 0,1 | II |
| Диоктилсебацинат | 10,0 | III |
| Дихлордифторметан (фреон-12) | 3000,0 | IV |
| Дихлордифторметан (фреон-114) | 3000,0 | IV |
| Азот қышқылы (бөлшектерді даттан, майдан тазалау) | 5,0 | II |
| Азот қышқылы (бөлшектерді дәнекерлегенде даттан тазалау) | 5,0 | II |
| Күкірт қышқылы (аккумуляторды толтыру үшін) | 1,0 | II |
| Авиациялық жарықтандыруға арналған, техникалық керосин ( С-пен есептегенде), (отын, көп арналы еріткіш) | 300,0 | IV |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Мұнай ксилолы | 50,0 | III |
| Метилхлорид | 50,0 | IV |
| Метилхлороформ (авиадвигательдердің майлы ластануын кетіретін ерітінді) | 2,0 | III |
| Моноэтаноламин | 0,5 | II |
| а-нафтол (арнайы сұйықтықтықтарға арналған тоттандырмайтын зат) | 0,5 | II |
| Нефрас С-50/170 (мұнайды, ЛКМ-ді ерітуші) | 300,0 | IV |
| Озон (радиолокациялық қондырғылар жұмыс істегенде және олардың толқынын анықтағанда) | 0,1 | I |
| Ағаш тозаңы (кремний диоксидінің мөлшері 2 пайыздан кем болғанда) (ағаш өңдейтін станоктардағы жұмыстарға байланысты) | 6,0 | IV |
| Жасанды минералды талшықтары бар тозаң (шыны талшықты бұйымдарды жөндеп тіккенде) | 2,0 | III |
| Сольвент-нафта (С-пен есептегенде) (ЛКМ-ді еселегіш) | 100,0 | IV |
| Қорғасын (дәнекерлеу жұмыстары үшін) | 0,001 | I |
| Күкіртті ангидрид (электролиттерді дайындау үшін) | 10,0 | III |
| Бутил спирті | 10,0 | III |
| Изобутил спирті | 10,0 | III |
| Метил (метанол) спирті | 5,0 | III |
| Фурфурил спирті | 0,5 | II |
| Этил спирті - гидросұйықтықтың құрамы | 1000,0 | IV |
| Толуол | 50,0 | III |
| Үшкрезилфосат (авиациялық майларының жапқышы) | 0,5 | II |
| Үшхлорэтилен (еріткіш, авиадвигательдер мен бөлшектерді майдан тазалағыш) | 10,0 | III |
| Үшэтаноламин | 5,0 | III |
| Уайт-спирт (С-пен есептегенде) (көп ауқымды еріткіш) | 300,0 | IV |
| Көміртегі оксиді (авиадвигательдерден шығатын газ) | 20,0 | IV |
| Фенол (СТ-2 арнайы сұйықтықтың құрамы; таскөмірлі фенол креолинінен шығатын жуғыш заттардың құрамына кіреді) | 0,3 | II |
| Формальдегид (авиадвигательдерден шығатын газ, ЭХВ-на өңдегенде шығады) | 0,5 | II |
| Күйдіргіш сілтілер (NaOH есептегенде) (аккумуляторларды толтыруға; жуғыш заттардың құрамына) | 0,5 | II |
| Эпилхлоргидрин (эпоксидті шайыр мен желімнің құрамына кіреді) | 1,0 | II |
| Этилацетат | 200,0 | IV |
| Этиленгликоль | 5,0 | III |
| Этилцеллозоль | 10,0 | III |

«Азаматтық авиацияның авиациялық-техникалық базаларына қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне 5-қосымша

# АТБ үй-жайларындағы микроклиматтың оңтайлы және рұқсат етілген нормалары

| Үй-жайлар | Жыл мезгілдері | Температурасы, С | | Салыстырмалы ылғалдылық, % | | Ауаның қозғалу жылдамдығы, м/с | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Оңтайлысы | Рұқсат етілген | Оңтайлысы | Рұқсат етілген | Оңтайлысы | Рұқсат етілген |
| 1. АТБ-ның бастығына, цехтардың, ауысымның, участктердің, инженерлік-техникалық және ТКБ-ның бастықтарына арналған үй-жайлар | Суық | 21-23 | 20-24 | 40-60 | | 0,1 | 0,2 дейін |
| | жылы | 22-24 | 21-28 | 40-60 | | 0,2 | 0,3 дейін |
| 2. Ангар | Суық | 17-19 | 15-21 | 40-60 | | 0,2 | 0,4 дейін |
| | Жылы | 20-22 | 16-27 | 40-60 | | 0,3 | 0,5 дейін |
| 3. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсететін оперативті цех | Суық | 21-23 | 20-24 | 40-60 | | 0,1 | 0,2 дейін |
| | жылы | 22-24 | 21-28 | 40-60 | | 0,2 | 0,3 дейін |
| 4. АиРЭО цехтарын тексеру және жөндеу: электро-зертханалар: БАЖ-дың радиобайланыстың радиолокациялық қондырғылардың, пилотаждық-навигациялық құралдардың, оттегі, БСРПРИ, двигателдердің жұмысына бақылау жасайтын, аспаптар орналасқан зертханаларын | Суық | 21-22 | 20-24 | 40-60 | | 0,1 | 0,3 дейін |
| | жылы | 22-24 | 21-28 | 40-60 | | 0,2 | 0,3 дейін |
| 5. Әуе кемелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізетін цех | Суық | 18-20 | 17-23 | 40-60 | | 0,2 | 0,3 дейін |
| | жылы | 21-23 | 18-27 | 40-60 | | 0,3 | 0,4 дейін |
| 6. Бас механиктің цехындағы: механикалық участке, жер үстіндегі құрал жабдықтарды, электрлі құралдарды; өзі жүретін механизмдерді жөндейтін; пісіру, борттағы дейін өрт сөндіргіштерді | Суық | 18-20 | 17-23 | 40-60 | | 0,2 | 0,4 дейін |
| | Жылы | 21-23 | 18-27 | 40-60 | | 0,3 | 0,5 дейін |
| | Суық | 17-19 | 15-21 | 40-60 | | 0,2 | 0,3 дейін |
| | | | | | Ауаның салыстырмалы | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| толтыратын, аккумуляторларды зарядтайтын; компрессорлық және ұста цехтарында | жылы | 20-22 | 16-27 | 40-60 | | 0,3 | 0,4 дейін |
| 7. Тұрмыстық құрал-жабдықтарды жөндейтін цех | Суық | 21-23 | 20-24 | 40-60 | | 0,1 | 0,2 дейін |
| | жылы | 22-24 | 21-28 | 40-60 | | 0,2 | 0,3 дейін |
| Әуе кемесінің бортына жұмсақ ұйымдарды таситын топ | Суық | 18-20 | 17-23 | 40-60 | | 0,2 | 0,3 дейін |
| | жылы | 21-23 | 18-27 | 40-60 | | 0,3 | 0,4 дейін |
| 8. Ұшу барысында ақпарат жинайтын құралдарды пайдаланатын және жинайтын бөлімше (ұшу барысындағы ақпаратқа талдау және өңдеу жүргізетін участке) қондырғыны пайдалану кезінде талдау жасайтын топ | Суық | 22-24 | 21-25 | 40-60 | | 0,1 | 0,2 дейін |
| | жылы | 23-25 | 22-28 | 40-60 | | 0,2 | 0,3 дейін |
| | Суық | 21-23 | 20-24 | 40-60 | | 0,1 | 0,2 дейін |
| | жылы | 22-24 | 21-28 | 40-60 | | 0,2 | 0,3 дейін |
| 9. Бақылау әдісін бұзбайтын, майды спектральдық жолмен тексеру арқылы зертханалық жолмен анықтайтын топ | Суық | 21-23 | 20-24 | 40-60 | | 0,1 | 0,2 дейін |
| | жылы | 22-24 | 21-28 | 40-60 | | 0,2 | 0,3 дейін |
| Ақпарат жинайтын, рекламация мен параметрлерді анықтайтын топ | Суық | 22-24 | 21-25 | 40-60 | | 0,1 | 0,2 дейін |
| | жылы | 23-25 | 22-28 | 40-60 | | 0,2 | 0,3 дейін |

«Азаматтық авиацияның авиациялық-техникалық базаларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне
6-қосымша

# Жұмыс орындарындағы жасанды жарықтандырудың нормасы

| Жұмыс орнындағы (үй-жайлар) және өндірістік үдерістер | Көзбен көру арқылы істелінетін жұмыстардың разряды | Жарықтандыру, лк | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Жарықтандыру қосарланған түрде болғанда | Жалпылай жарықтандырылғанда | Қосарландырылған жарық жүйесі жалпыландырылғанда |
| Ангар (ангарлық секция): самолет қанатының биіктік деңгейінде, самолеттің, тікұшақтың фюзеляжында, еденде | IV в | 400 | 200 | 150 |
| | V б | 200 | 150 | 150 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Әуе кемелеріне кезеңді техникалық қызмет көрсететін цехта: авиадвигательдерді алып, салу | III б | 1 000 | 300 | 150 |
| Шассилер мен доңғалақтарды алып, салу | IV б | 500 | 200 | 150 |
| Әуе кемелеріне ағымдағы техникалық қызмет көрсететін цехта: агрегаттық, бөлшектерді жаңғақ, құм үрлеу арқылы тазалайтын, сүзгіштерді ультрадыбыс арқылы тазалайтын, шөткелерді армирлайтын, слесарлық жұмыстарды жүргізетін цехта | II в | 2 000 | 500 | 200 |
| Креслоларды, борттағы ыдыстарды жөндейтін, басқа да жұмыстар жүргізілетін орында | III | 750 | 300 | 150 |
| Сүзгіштерді химиялық жолмен тазалайтын, сырлау жұмыстарын жүргізетін орын | IV в | 400 | 200 | 150 |
| Ағаш шеберінің цехында | V а | 300 | 150 | 150 |
| Бас механик цехында: механикалық участке | II в | 2 000 | 500 | 200 |
| Жер бетіндегі электроқұралдарды жөндеу орны | III в | 750 | 300 | 150 |
| Жер бетіндегі өзі жүретін құралдарды жөндеу орны | IV б | 500 | 200 | 150 |
| Борттағы өрт сөндіргіштерді толтыру | IV в | 400 | 200 | 150 |
| Кезекші қызметкер отыратын үй-жай | IV г | 300 | 150 | 150 |
| Компрессорлар, ұста орыны | VII | - | 200 | - |
| АиРЭО жұмысын тексеретін, жөндейтін цех: аспап зертханасы | 1 б | 4 000 | 1 250 | 400 |
| Радиобайланыс, радиолокациялық, оттегі құрал-жабдықтары орналасқан зертхана; БАЖ, БСРПРИ; пилотажды-навигациялық құралдар орны | II в | 2 000 | 500 | 200 |
| Электрзертханасы | III б | 1 000 | 300 | 150 |
| Двигательдердің жұмысына бақылау жасайтын зертхана; 020 бұйымына арналған үй-жай, экранды бөлме | III в | 750 | 300 | 150 |
| Ұшу туралы дұрыс ақпарат жинайтын құралдарды пайдаланатын бөлімше; | II г | 1 000 | 300 | 150 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| талдау және мағынасын ашу қондырғыны пайдаланатын орын | III в | 750 | 300 | 150 |
| Анықтау зертханасы: майға, спектральдық талдау жасайтын үй-жай; бақылау әдісін бұзбайтын | II в | 2 000 | 500 | 200 |
| Ақпарат, рекламация параметрлер дәлдігін жинайтын үй-жай | III в | 750 | 300 | 150 |
| Кресло жапқыштарын және басқа да тиіс жарақтарды жөндейтін және дайындайтын цех | III б | 1 000 | 300 | 150 |
| Ұшу барысындағы тиіс жарақты дайындайтын үй-жай | V б | 200 | 150 | 150 |
| Тұрмыстық қызметке тиісті заттарды жинақтаушы цех: кілемдерді, бас қоятын орынды және басқа тиіс жарақтарды тігіп, жөндейтін үй-жай | III б | 1 000 | 300 | 150 |
| Кір жуатын, химиялық тазалау жұмыстарын жүргізетін үй-жай | V б | 200 | 150 | 150 |
| Апат кезінде құтқаруға арналған борттық құрал жабдықтарды (парашюттерді) жинайтын участке | III в | 750 | 300 | 150 |
| Пісіру жұмыстарына арналған үй-жай | IV б | 500 | 200 | 150 |
| Аккумуляторлық цех | IV а | 750 | 300 | 150 |
| АТБ, цехты, ауысымның, учаскенің, инженерлік-техникалық құрамының және ТКБ бастықтарына арналған үй-жай | II в | 2 000 | 500 | 200 |

Ескертпе:

АТБ-ның барлық үй-жайларында және барлық жұмыс орындарында жарықтандырудың нормасының және еденнен биіктік деңгейі Г-0,8 тең болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2010 жылғы 3 тамыздағы
№ 586 бұйрығына
3-қосымша

## «Азаматтық авиацияның әуе кемелеріне және ұшу құрамының еңбек жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы санитариялық ереже азаматтық авиация әуе кемелерін жабдықтауға, сумен жабдықтауға, ауыз сумен толтыруға, кәрізге, жылытуға, желдетуге, жарықтандыруға және ұшу құрамының еңбек және демалу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

## 2. Әуе кемелерін күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

2. Әрбір әуе кемесінде әуе көлігіндегі мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының барлық тексерулері тіркелетін борттық санитариялық журнал болады.

3. Ұшақтардың санитариялық жағдайын бақылауға мынадай кезеңдерде зерттеп-қараулар кіреді:

1) тікелей ұшу алдында, ұшуда және ұшып келгеннен кейін;

2) көп еңбекті қажет ететін регламенттелген жұмыстан кейін;

3) техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау кезеңінде;

4) зауыттан түскенде;

5) жаңа авиажеліде сапар орындағанда.

4. Әуе кемесі осы санитариялық ережеге 1-қосымшаға сәйкес әуе кемесінің түріне байланысты медициналық оттегі бар баллондармен және бір рет қолданылатын маскалармен, жұмсақ мүкаммалмен, гигиена және қызмет көрсету құралдарымен жабдықталады.

5. Авиажолаушылар мен экипаж мүшелері азықтық өнімдерге және тамақ өнімдеріне, оларды шығару жағдайларына, өлшеп-орауға, тасымалдауға, сақтауға және өткізуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес борттық тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

6. Әуе кемесі шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келуі тиіс денсаулыққа қауіпсіз ауыз сумен жеткілікті көлемде қамтамасыз етіледі.

7. Әуе кемелерінің шайынды суын жинау арнайы машиналарға кейіннен шайынды суды шаруашылық-нәжістік кәрізге жіберу арқылы жүргізіледі.

8. Шайынды суды әуе кемелерінен жинау және шаруашылық-нәжістік кәрізге жіберу герметикалық жағдайларды сақтаған жағдайда жүзеге асырылуы тиіс.

9. Ұшу кезінде салонды және экипаж кабиналарын желдету ауа баптау жүйелерімен көзделеді. Салондарды және экипаж кабиналарын табиғи желдету тек жер бетінде тұрған кезінде ғана көзделеді.

10. Тұрған кезде әуе кемесінің микроклиматы жер бетіндегі борттық ауа баптау жүйелерінің немесе жер бетіндегі ауа баптағыштардың көмегімен қолдануы тиіс. Сыртқы ауа температурасы плюс 15 градус Цельсий (бұдан әрі - $^{o}$

C) және одан төмен кезінде кабинаның ауасы плюс 15°С-тан төмен емес температураға дейін жылытылады, сыртқы ауа температурасы плюс 25°С-тан жоғары кезінде сыртқы ауа температурасымен салыстырғанда ауа 5-8°С-қа (бірақ плюс 20°С-тан төмен емес) салқындатылады.

11. Жылдың салқын мезгілінде жолаушыларды отырғызу алдында әуе кемесінің салоны арнайы жылыту машинасын пайдалану арқылы жылытылады. Жылыту машинасы ауасының құрамында көміртегі тотығы және басқа да зиянды заттар болмауы тиіс.

12. Әуе кемесін жарықтандыру құрамдастырылған болуы тиіс.

13. Жолаушылар салонын, экипаж, буфет және санитариялық-техникалық жабдық кабиналарын, дәретханаларды, жүк бөліктерін жинау аралық немесе базалық әуежайға келуіне байланысты әр сапардан соң жүргізіледі.

Жинауды салоннан бастап жүргізеді. Дәретхананы жинау Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын пайдалану арқылы ең соңынан жүргізілуі тиіс.

14. Ұшақ салонында кілем төсеніштер, креслолардың тысы, қайырылмалы үстелдер, жүк сөрелері, жарық сүзгілері тазаланады. Кілемдерді шаңсорғыштармен тазалайды. Креслолардың арқа тыстары ауыстырылуы тиіс. Қайырылмалы үстелдер, жүк сөрелері, жарық сүзгілері, шынтақ қоятын жақтаулар жуылуы және дезинфекциялау құралымен екі рет өңделуі тиіс.

15. Алмалы-салмалы ас үй мүкаммалын (контейнерлер) және пайдаланылған борттық ыдыстарды келгеннен кейін борттық тамақтандыру цехына тапсырғаннан кейін буфет жабдықтары Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалану арқылы ылғалды жиналады.

16. Жинаумен айналысатын адамдар арнайы киіммен жұмыс істеуі тиіс, таңбаланған жинау құралдарын, шаңсорғыш, ыстық және салқын су, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалануы тиіс.

17. Ұшу кезінде қоқыс бір рет қолданылатын қапшықтарға жиналады және қонған соң әуежайдағы қоқыс жинауға арналған контейнерлерге шығарылады.

18. Әуе кемесін жуу шайынды суды қабылдауға арналған құрылғымен жабдықталған арнайы алаңда жүргізіледі. Әуе кемесінің басқыштары жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдану арқылы ылғалды жуылып тұрады.

19. Халықаралық сапарлар орындайтын әуе кемелері санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық), оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағын санитариялық қорғауды жүзеге асыру бойынша іс-шараларды өткізуге жатады.

Медициналық-санитариялық тексеру мыналардан тұрады:
1) дене қызуы бар тұлғаларды анықтау мақсатында экипаждар мен авиажолаушыларды пирометр мен тепловизордың көмегімен тексеру;

Дене қызуы жоғары ($37^{O}$С-ден жоғары) адамдар инфекциялық және паразиттік ауруға күдігі бар адам ретінде бағаланады, оларға қатысты инфекцияның таралуының алдын алу бойынша іс-шаралардың толық көлемі жүргізіледі;

2) әуе көлігінің аға бортсерігі (немесе авиакомпания өкілі) санитариялық-карантиндік пункт қызметкерінің қолына мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

- әуе көлігінің медициналық-санитариялық декларациясының данасы;
- жолаушылар манифестінің көшірмесі;
- дератизация (дезинсекция) немесе одан босатылғаны туралы куәлігі;

3) карантиндік және аса қауіпті инфекциялық аурулар бойынша эпидемиологиялық қолайсыз өңірлерден келген әуе кемелері сапар желісін анықтау мақсатында авиажолаушылардың паспорттары мен билеттерін тексере отырып міндетті, мұқият медициналық-санитариялық тексеріп-қарауға жатады; осы әуе кемесінің аға бортсерігі санитариялық-карантиндік пункт қызметкеріне тиісті құжаттарды, сондай-ақ авиажолаушылардың өздері толтырған анкеталарын ұсынуы тиіс;

4) медициналық-санитариялық тексеріп-қарау осы ережеге 2-қосымшаға сай эпидемиологиялық тексеру актісін толтырумен аяқталады.

## 3. Әуе кемелерін ауыз сумен толтыруға және әуе кемесінің сумен жабдықтау жүйесінен ауыз суды ағызуға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

20. Әуе кемесін ауыз сумен толтыру су құю машиналарымен ауыз су құю пунктінде (бұдан әрі – пункт) жүргізіледі.

21. Пункт осы санитариялық ереженің талаптарына сай болуы және оның санитариялық паспорты болуы тиіс.

22. Пункт бөлек есігі бар екі оқшауланған немесе су дайындауға арналған және сукұйғышты толтыруға арналған біріккен үй-жайдан тұрады. Пункт орталық су құбырына, кәрізге, жылытуға және желдетуге қосылады. Үй-жайдың қабырғалары мен едендерінің беті тегіс, жарықсыз, кедір-бұдырсыз және жуу мен дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді материалдардан жасалған болуы тиіс.

23. Су құйғышты толтыруға арналған үй-жай штуцері бар құю шлангісін сақтауға арналған арнайы аспалы шкафпен жабдықталады. Ластануды

болдырмау мақсатында штуцер қапта сақталады, аспалы шкаф бітеуіштермен жабылады.

24. Су дайындауға арналған үй-жайда суды тазартуға дейінгі қондырғы, өлшеу құралдары (суды өлшеу, термометр, манометр) және зертханалық зерттеу үшін су сынамасын алуға арналған шүмек болуы тиіс.

Пункттің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайына және әуе кемесінің технологиялық процессіне өндірістік бақылау жүзеге асырылуы тиіс.

25. Қысқы мезгілде суды жылыту үшін пунктте су жылытқыштар көзделеді.

26. Қысқы мезгілде сыртқы ауа температурасы пунктте плюс 5$^{\circ}$С-тан төмен кезде салондардағы ауа температурасы +20$^{\circ}$С-тан +25$^{\circ}$С-қа дейін әуе кемесінің кабиналарын алдын ала жылытқан соң сумен жабдықтау жүйесін толтыру үшін суды жылыту бойынша +50 - +60$^{\circ}$С дейін жүзеге асырылуы қажет.

27. Толтыру пунктін басқа мақсатқа пайдалануға және бөтен су құю құралдарын толтыруға жол берілмейді.

28. Су құюшы ауыз сумен толтыруды және ауыз су сапасын сақтай отырып жабық әдіспен әуе кемесіне жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

29. Су құйғыш машинасына ауыз су толтыру алдында жалғастыратын шлангі және штуцер 30-40 секунд бойы су құбырының суымен алдын ала жуылады. Толтыру аяқталған соң су қалдықтары шлангіден ағызылады.

30. Ластану мүмкіндігін болдырмау мақсатында су құйғыш машинаның сыйымдылығын автокөліктің су құятын штуцеріне жалғанған шланг арқылы жабық ағыспен толтыру қажет.

31. Су құйғыш машинаның сыйымдылық ыдысы, толтыру шлангілері, крандары және ауыз сумен жанасатын басқа да жабдықтар Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген тоттанбайтын материалдардан жасалуы тиіс.

32. Су құйғыш машиналар шлангіні бекітуге арналған қондырғымен жабдықталады, шлангінің ұшы сақтандыратын қаппен қорғалады. Қап тазалықта ұсталуы тиіс.

33. Су құйғыш машинаның сыйымдылық ыдысы герметикалық қақпағы мен ілмегі, су ағызатын шүмегі бар су құятын люкпен пломбаланған жылудан оқшаулайтын қабатпен жабдықталады.

34. Ішкі беттері сызаттанған сыйымдылықтары бар су құйғыш машинаны пайдалануға жол берілмейді.

35. Сыйымдылық ыдыстың сыртқы бетіне "Ауыз су" деген жазбаны түсіре отырып ашық түспен бояламы.

36. Су құйғыш машина мақсатына қарай пайдаланылуы тиіс, осы санитариялық ереженің талаптарына сай санитариялық паспорты болуы тиіс.

37. Әуе кемесін сумен жабдықтау жүйесі жолаушылардың ауыз суға мұқтаждығын қамтамасыз етуі және оны барлық тұтынатын нүктелерге беруі тиіс.

38. Су құюшы әуе кемесін ауыз сумен толтыру жөніндегі журналды толтыруға және осы ережеге 3-қосымшаға сәйкес өткізілген дезинфекция туралы журналды толтыруға тиіс. Журнал байланады, нөмірленеді және мөрмен бекітіледі.

39. Су дайындауға тікелей қатысы бар және әуе кемесін ауыз сумен толтыруды қамтамасыз ететін адам, сондай-ақ су құбырына қызмет көрсететін адамдар мен су құйғыш машиналарды пайдаланумен және жөндеумен айналысатын техникалық құрам медициналық тексеріп-қараудан және гигиеналық оқытудан өтеді.

40. Пайдаланушылар инфекциялық аурулардың таралуының пайда болуының алдын алу мақсатында жоспарлы профилактикалық және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша резервуарларға, пунктке, су құйғыш машинаның сыйымдылық ыдыстарына, әуе кемесін сумен жабдықтау жүйелеріне дезинфекция ұйымдастырады және жүргізеді.

41. Дезинфекциялау іс-шараларына мыналар жатады және мынадай бірізділікпен жүргізіледі: механикалық тазалау, жуу, дезинфекциялау, соңғы жуу. Дезинфекциялау аяқталған соң суға зертханалық зерттеу жүргізіледі.

42. Су құбырын, әуе кемесінің сумен жабдықтау жүйесін, шлагіні профилактикалық дезинфекциялау жылына екі рет (көктемде және күзде), су толтыру пунктінің штуцерлеріне және су құйғыш машиналардың сыйымдылық ыдыстарына айына бір рет жүргізілуі тиіс.

43. Дезинфекциялық іс-шараларды көрсетілген қызмет түріне лицензиясы бар адамдар жүргізеді.

44. Әуе кемесінің сумен жабдықтау жүйесін залалсыздандыру көлемді әдіспен, экспозиция уақытын сақтай отырып жүргізіледі. Содан кейін әуе кемесінің сумен жабдықтау жүйесі су құбырының суымен үш рет жуылады.

45. Штуцерлер мен шлангілерді дезинфекциялау дезинфекциялық ерітіндіге батыру әдісімен, экспозиция әдісін сақтай отырып жүргізіледі.

46. Дезинфекциялау үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын пайдалануға рұқсат етіледі.

47. Дезинфекциялау құралдары және жұмыс ерітінділері сағатына бес жиілігінен кем емес ауа алмасуын қамтамасыз ету арқылы сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталған арнайы бөлек үй-жайда дайындалуы және сақталуы қажет.

48. Су толтырғыштың сыйымдылық ыдысын дезинфекциялауға арналған дезинфекциялау құралдарымен жұмыс істейтін персонал жеке қорғаныш

құралымен (противогазбен, қорғаныш киімдермен, резеңке етікпен және қолғаптармен) қамтамасыз етілуі қажет.

49. Әуе кемесінің сумен жабдықтау жүйесін залалсыздандыру көлемді әдіспен жүргізуі қажет. Белсенді хлордың 75-100 мг/л концентрациясымен залалсыздандыру ерітіндісімен сумен жабдықтау жүйесін су толтырушы толтырған соң сумен жабдықтау жүйесіне қысым беріледі және залалсыздандыру ерітіндісінің иісі шыққанша барлық су тарату крандары арқылы су жіберуді жүзеге асырады, сосын крандар жабылады. Экспозиция уақыты алты сағаттан кем болмауы қажет. Содан кейін әуе кемесінің сумен жабдықтау жүйесі су құбырының суымен үш рет жуылады.

50. Сумен жабдықтау жүйесін қысқы мезгілде (температура 5$^{O}$С-тан төмен кезде) залалсыздандыру залалсыздандырудың алты сағаттық кезеңінің ішінде ұстап тұратын +20$^{O}$С - +25$^{O}$С температураға дейін әуе кемесінде алдын ала жылыту жүргізілуі қажет.

51. Әуе кемесінің сумен жабдықтау жүйесінен суды төгу үшін төгу жалғауыштары болуы қажет.

52. Сапар аяқталған соң төрт сағаттан артық ұзақтықта жиналған су қалдығы сумен жабдықтау жүйесінен төгілуі қажет. Әуежайлар аралығында су толтыруға рұқсат етілмейді, қажет болған жағдайда әуе кемесінің жүйесін толық толтыру жүргізілуі қажет.

53. Сыртқы ауа температурасы жағымсыз кезде двигательдер тоқтаған соң кабина салқындағанға дейін су әуе кемесінің сумен жабдықтау жүйесінен ассенизациялы машинаның сыйымдылық ыдысына канализациялық бак арқылы төгілуі қажет.

54. Су толтыру машинасының сыйымдылықтарынан су ағызу мынадай жағдайларда жүреді: су сыйымдылықта 8 сағаттан артық болғанда; қысқы уақытта судың температурасы +50$^{O}$С болғанда. Су толтыру машиналарының сыйымдылықтарындағы су қалдығы ұшақты толырғаннан кейін ағызылады.

## 3. Экипаждың жұмыс орындарына, экипаждың еңбек және демалу режиміне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

55. Ұшқыш креслосы арқалықтың иілу бұрыштары бойынша реттелетін болуы және ұзына бойына орын ауыстыруы тиіс. Әр параметрді реттеу тәуелсіз болуы, жеңіл жүзеге асырылатын және сенімді бекітілетін болуы тиіс.

Орындықтың, арқалықтың және креслоның басқа да бөлшектерінің беттері жартылай жұмсақ, электрленбейтін және ауа өткізетін жамылғысы болуы, ластанудан жеңіл тазартуды қамтамасыз етуі тиіс.

56. Кабиналардағы микроклиматтың қолайлы және рұқсат етілген

көрсеткіштері, сондай-ақ қоршайтын беттердің температурасы осы санитариялық ереженің 4 қосымшасына сәйкес болуы тиіс.

57. Қоршайтын беттердің температурасы микроклиматтың қолайлы нормасын сақтаған кезде рұқсат етілген норма +5$^{o}$С-тан артық қамтамасыз етілген кезде ауаның температурасынан 2$^{o}$С-тан артық айырмасы болмауы тиіс. Қоршайтын беттердің шекті температурасы +5$^{o}$С-тан төмен және +45$^{o}$С-тан жоғары болмауы тиіс.

Жұмыс аймағының биіктігі бойынша температураның 3$^{o}$С-тан артық түсуіне, ал көлденең бойынша 4$^{o}$С-тан аспауына жол берілмейді.

58. Кабина ауасындағы зиянды химиялық заттар мен шаңның құрамы осы санитариялық ереженің 5-қосымшасына сәйкес жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың рұқсат етілген шекті шоғырлануынан (бұдан әрі - РЕШШ) аспауы тиіс. Кабина ауасында бір бағытта әсер ететін бірнеше зиянды заттардың бір мезгілде болуы кезінде олардың әр қайсының ауадағы нақты шоғырлануы қатынасының жиынтығы, олардың РЕШШ-сы бірден аспауы тиіс. Ауада әр бағытта әсер ететін зиянды заттардың бір мезгілде болған кезде РЕШШ оқшауланған әсер кезіндегідей болып қалады.

59. Жеңіл теріс және оң аэроиондардың болуы осы санитариялық ереженің 6-қосымшасының 1-кестесіне сәйкес өндірістік және қоғамдық үй-жайлардағы ауаның иондалуының рұқсат етілген деңгейіне сәйкес болуы тиіс.

60. Жұмыс орнындағы дыбыстық қысымның деңгейі, дыбыстың деңгейі және дыбыстың эквиваленттінің деңгейі осы санитариялық ережеге 6-қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген мөлшерден аспауы тиіс.

61. Ұшқыштар құрамына түсетін акустикалық жүктеме эфирді және радио хабарларды тыңдау кезінде қосымша дыбыс жүктемесі және кабина ішілік шудан тұратын дыбыстың эквивалентті деңгейі бойынша бағалануы тиіс.

62. Ультрадыбыс және инфрадыбыс қысымының рұқсат етілген деңгейі осы санитариялық ережеге 6-қосымшаның 3, 4-кестелерінде көрсетілген мөлшерден аспауы тиіс.

63. Жалпы дірілдің рұқсат етілген шекті деңгейі осы санитариялық ережеге 6-қосымшаның 5-кестесінде көрсетілген мөлшерден аспауы тиіс.

64. Герметикалық кабинасы бар барлық әуе кемелерінде ұшу биіктігінен тәуелсіз барометриялық қысым мөлшері сынап бағанасының 567 миллиметрінен (бұдан әрі - сын. бағ. мм) кем болмауы тиіс. Барометриялық қысымды өзгерту жылдамдығы ұшақтың барлық режимдерінде секундына кемінде 0,18 сын. бағ. мм жол беріледі.

Герметикалық емес кабинасы бар барлық әуе кемелеріндегі және ұшу 3000 м-ден асатын биіктіктегі экипаж және жолаушылар оттегімен қамтамасыз етіледі.

65. Жұмыс күнінің ішінде қозғалтқышты қосудан бастап оны тоқтатуға дейінгі кезеңде электр және магнит құрауыштар жиынтық бойынша электромагниттік сәуле нормалары осы санитариялық ережеге 6-қосымшаның 6-кестесінде көрсетілген мөлшерден аспауы тиіс.

66. Магнит өріс кернеуінің және магнит құрауыштардың энергетикалық жүктемесінің рұқсат етілген шекті деңгейі метрге 50 амперді (бұдан әрі - А/м) және сағатқа көбейтілген шаршы метрге 200 вольт (бұдан әрі - В/м$^2$·сағ) белгіленеді. Егер электр және магнит құрауыштар бойынша рұқсат етілген шектіге нақты энергетикалық жүктеменің қатынас жиынтығы бірден аспаса, 3,0 мега Герцке (бұдан әрі - МГц) дейінгі жиіліктегі электр және магнит өрістерінің бір мезгілдегі әсеріне жол беріледі.

67. 300,0 МГц - 300,0 гига Герц (бұдан әрі - ГГц) өте жоғары жиілік диапазонында (бұдан әрі - ӨЖЖ) электромагниттік энергияның әсері энергия ағынының тығыздық (бұдан әрі - ЭАТ) деңгейі және энергетикалық жүктеме ( бұдан әрі – ЭАТ әсердің белгілі бір уақыты ішінде) бойынша бағалануы тиіс. Кабинадағы ЭЖЖ энергия ағынының тығыздық деңгейі шаршы сантиметрге 500 микроВаттан аспауы тиіс (бұдан әрі - мкВт/см$^2$).

68. ӨЖЖ сәулелендіру деңгейі сәулелеудің жеке кезеңдері үшін ағзаға энергетикалық жүктеме жиынтығымен (бұдан әрі - ЭЖ жиынтығы) бағаланады және 1000 мк Вт сағ/см$^2$ аспауы тиіс.

69. 6000 м-ден артық биіктікте ұшуды орындайтын экипаж кабинасында, сондай-ақ кабинада ӨЖЖ ЭАТ рентген сәулесінің көздері болғанда рұқсат етілген шекті жүктеме тармағында көрсетілген жағдайда 1000 мкВт/см$^2$ аспауы тиіс.

70. Ұшу кезінде ӘК экипажының космостық сәулеленуінің эквивалентті мөлшері жылына 5 микрозиверттен (бұдан әрі - мзв) аспауы тиіс. Жер беті жағдайларында табиғи сәулеленумен белгіленген және медициналық куәландыру мен емдеу кезінде алынатын белгіленген доза ескерілмейді.

Осы санитариялық ережеде белгіленген дозаның шегі жоғары дыбыстық әуе көлік кемелеріне қолданылмайды.

71. Ұшу уақытында кабиналардағы электростатистикалық өріс кернеуі мынадай шамалардан аспауы тиіс: 1 сағаттан кем ұшу кезінде – метрге 60 киловатт (бұдан әрі – кВ/м); 1,1 сағаттан 12 сағатқа дейін – 60 кВ/м-ді ұшу уақытына бөлу есебімен 20 кВ/м аз электростатистикалық өріс кернеуі кезінде келу уақыты реттелмейді.

72. Кабиналарды әйнектеу табиғи жарық есебінен аспаптар тақтайшалары мен басқару органдарын жарықтандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Табиғи жарық ағысының үлкен қарқыны кезінде кабиналардың жарық түсетін жақтаулары

қорғаныш перделермен және жарық сүзгілерімен, басқару және бақылау құралдары - жарықтан қорғау қалқаншаларымен жабдықталады.

73. Жарықтандыру аспаптарын орнату және олардың құрылысы кабинаның аспаптары мен шамдарының әйнектерінде жарық сәулелерінің пайда болу мүмкіндігін болдырмауы тиіс. Аспап тақтайшаларына, пульттер мен шкалалары мен белгілері жанатын құраммен қапталған басқа да басқару органдарына жарық түсіру үшін кабинада ультракүлгін шамшырақтармен жабдықталады. Ультракүлгінмен сәулеленген кезде жанатын массаның түсі қызыл немесе сарғылт боялатын апаттық белгілерді қоспағанда ашық жасыл болуы тиіс.

74. Көлденең ұшу кезінде кабинадан қарағанда мынадай болуы тиіс: көкжиек сызығынан алға-төмен - 15 градус (бұдан әрі - $^{o}$), төмен - алдыңғы жартылай сфера жағына - 35$^{o}$ кем емес, қанат бойымен төмен - 8$^{o}$, жоғарғы және артқы жартылай сферада - толық көлем.

75. Экипаж мүшелерінің жұмыс орнындағы жарықтандыру осы санитариялық ережеге 6-қосымшаның 7-кестесіне сай болуы тиіс.

76. Видеотерминал (бұдан әрі - ВТ) құрылысы мынаны қарастыруы тиіс:

1) иілу бұрышын белгіленген қалыпта бекіту арқылы вертикаль осы бойынша +30$^{o}$-қа және горизонталь осы бойынша +15$^{o}$-қа реттеу мүмкіндігі;

2) корпустың оң жақ бетіне - шолу индикациясы бар электр қуат көзін қосу және ажырату бейнелеу жарықтығын және қарама-қарсылығын реттегішті орналастыру;

3) арнайы қорғаныш қақпағының астындағы бүйір панеліне кадрлар мен жолдар жиілігін, вертикаль бойынша сызықталуды, көлденең бойынша орталықтауды реттегішті, жұмыс режимін ("монохроматиялық" - "полихроматиялық") ауыстырып қосқышты орналастыру;

4) ВТ жеке элементтерінде және корпусқа электростатистикалық зарядтар мен шаңдардың жиналуынан қорғау;

5) сыртқы жарық деңгейіне қарамастан сапалы бейнелеуді қамтамасыз ету үшін экранның дақ түсірмейтін жабыны және басқа да конструкциялық шешімдер.

77. Борттық авиациялық ВТ-ның электрлік-сәулелік түтіктерінде мыналар қамтамасыз етілуі тиіс:

1) қолайлы қашықтық 70 см болғанда 60 см кем емес қашықтықта 60$^{o}$ артық емес жұмыс өрісінің бұрыштық мөлшері;

2) экран өрісінде бейнелеуді геометриялық бұрмалауды болдырмау;

3) тікелей және кері контрастта экранның жарықтығы 35 кд/м$^{2}$ кем емес болуы;

4) түстік белгінің және реңнің контрасты модуляциясының коэффиценті 60%

кем болмауы;

5) нақты контрасттық бейнелеу (экрандағы ең көп жарықтан ең азға қарай қатынасы) 5:1 кем емес;

6) жарқыраған элемент жарықтығының қатынасын монохромдық үшін 3:1 және полихромдық ВТ үшін 7:1 деп белгілейтін аралас жол мен растра арасындағы аралықтағы жарықтық модуляциясы;

7) белгінің ішкі контрасты 2:1 кем емес;

8) монохромдық ВТ белгілері элементтері жарықтарының әртүрлілігі 0,5-тен аспауы;

9) монохромдық ВТ арналған пиксельдің ең көп мөлшері 0,4 миллиметрден (бұдан әрі - мм) аспауы;

10) белгілердің бұрыштық мөлшері 20 бұрыштық минуттан кем емес;

11) полихромдық ВТ арналған экранның жұмыс өрісіндегі сәулелерді түсірмеу 0,5 мм аспауы;

12) бейне жарығының (бейненің қозғалуы) ықтиярсыз өзгерісінің болмауы, бейне жағдайының (бейненің дірілдеуі) көрсетілген ықтиярсыз өзгерісі бақылау қашықтығынан (экраннан 70 см қашықтықта 0,07 мм) бір он мың үлестен кем болмауы.

78. Клавиатура құрылысы мынаны көздеуі тиіс: жеке құрылғы түрінде орындалу, белгіленген қалыпта бекіту арқылы иілу бұрышын көлденең жазықтықта 5$^{о}$-тан 15$^{о}$ дейін өзгетуге мүмкіндік беретін тірек құралы, жиі қолданылатын клавиатура элементтерін ортаға, төменге және оң жаққа, сирек қолданылатындарды - жоғарғы және сол жаққа орналастыру, функционалдық пернелердің түсін, көлемін және түрін бөлу. Пернелердің ең аз көлемі 13 х 1 мм, ортаға тереңдетілген, қолайлы - 15 х 15 мм, пернелер арасындағы арақашықтық - 3 мм-ден кем емес, адымы - 1 мм, басуға серпімділік кедергісі - 0,25 Н, ең көп - 1,5 Н.

Видеотерминал корпусы мен клавиатурасы шағылу коэффиценті 0,4-0,6 күңгірт беті болуы тиіс.

79. Әуе кемесінің экипажы жұмысқа кірер алдында алдын ала және мерзімдік медициналық тексеріп-қараудан, сондай-ақ азаматтық авиациядағы медициналық куәландырудан өтеді.

80. Экипаждың қысқа мерзімдік ұшу алдындағы демалысы ұйымдастырылады.

81. Ұшу алдындағы демалысқа арналған үй-жай бөтен тұлғалардан оқшаулануы тиіс. Ұйықтайтын бөлмелер кем дегенде екі адамға есептелінеді және ғимараттың ұшу алаңына қарама-қарсы орналасады. Ұшу алдындағы демалысқа арналған үй-жайлардың терезе жақтаулары дыбыс өткізбейтін

құрылғылармен және екі қабатты перделермен жабдықталады.

82. Демалысқа арналған үй-жай, дәліздер, холлдарда табиғи жарық болуы тиіс. Үй-жайдың қол жуу бөлмелеріне, дәретханаларға, себезгі бөлмелеріне, қоймалар және басқа да адамдар аз уақыт болатын қосалқы үй-жайларда табиғи жарықтың болмауына жол беріледі.

83. Жалпы және жергілікті жасанды жарықты есепке ала отырып оқу және үстел ойынына арналған орындарды жарықтандыру деңгейі люминесцентті шамдар үшін 200 люкстен (бұдан әрі - лк) және қыздыру шамдары үшін 100 лк-тен кем болмауы тиіс.

84. Жылыту, желдету және ауа баптау жүйелері демалысқа арналған үй-жайларды жылыту маусымында мынадай микроклиматтық жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс: ауа температурасы - 20-22$^{o}$С; ауаның салыстырмалы ылғалдылығы - 30-60%; ауа қозғалысының жылдамдығы секундына 0,15 метрден (бұдан әрі - м/сек) артық емес; жылдың жылы мезгілінде ауа температурасы - 22-25$^{o}$С; ауаның салыстырмалы ылғалдылығы - 30-60%; ауа қозғалысының жылдамдығы - 0,25 м/сек артық емес.

85. Демалысқа арналған үй-жайлардағы шудың деңгейі 4,5 децибел (бұдан әрі - дБА) дыбыстың эквиваленттi деңгейінен (бұдан әрі - $La_{экв}$) қысқа уақытта (1 минутқа дейін) - $La_{макс}$ 65 дБА-ден аспауы тиіс.

86. Үй-жайлардағы электромагнитті сәулеленудің рұқсат етілген шекті деңгейлері халық үшін белгіленген шамалардан аспауы тиіс.

87. Ауадағы жеңіл аэроиондардың болуы қолайлы мәнге (1см$^3$) сай болуы тиіс: оң 15000-30000, теріс - 30000-50000.

88. Санитариялық-техникалық аспаптар мен құрылғылар жарамды жағдайда болуы, тоттан және басқа да қабаттардан тазартылуы тиіс, жарықшақтары мен басқа да сызаттары болмауы тиіс. Жарамсыз асапаптар ауыстырылуы тиіс. Дәретханалар кабиналармен, киім ілгіштермен, раковиналармен, айналармен жабдықталуы тиіс.

Санитариялық аспаптардың саны отыз адамға бір аспап есебінен қабылданады. Ерлер дәретханасындағы писсуарлар саны унитаздар санына тең болуы тиіс.

89. Ұшу алдындағы демалыс бөлмелерінің тұрғын бөлмелері мен жалпы пайдалану орындарында жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалану арқылы күнделікті жинау, айына бір рет - ауқымды жинау жүргізіледі. Төсек әбзелдерін ауыстыру әрбір экипаж мүшесіне келген кезде және тұрып жатқан әр үш күн сайын жүргізіледі.

Азаматтық авиацияның әуе кемелеріне
және ұшу құрамының еңбек жағдайларына

қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережеге
1-қосымша

## Жұмсақ мүкаммал, гигиена және қызмет көрсету құралдарының тізбесі

| р / с № | Атауы | Саны |
|---|---|---|
| 1 | Сүлгілер (зығыр, қағаз) | 12 ұшуға 4 дана |
| 2 | Қолғаптар (бір реттік) | 12 ұшуға 20 дана |
| 3 | Майлықтар | 12 ұшуға 24 дана |
| 4 | Қоқысқа арналған қапшықтар (120 л және 240 л) | 12 ұшуға 20 және 10 дана |
| 5 | Дәретхана қағазы | 12 ұшуға 20 дана |
| 6 | Жастықша (бір реттік) | 1 ұшуға әр орындыққа 2 дана |
| 7 | Ұшқыш жапқыштары | 1 сапарға әр орындыққа 2 дана |
| 8 | Жастықтар | Әр орындыққа 1 дана |
| 9 | Жастық қаптар (бір реттік) | Әр жастыққа 1 дана |
| 10 | Құлаққаптар | Әр жолаушыға 1 дана, ұзақтығы 3 сағаттан асатын сапарларға ғана тиеледі |
| 11 | Сұйық сабын | Әр дәретхана бөлмесіне 1 дана |
| 12 | Гигиеналық пакеттер | Әр орындыққа 1 дана + қосымша 20 дана |
| 13 | Бір реттік пакеттер қапталған көрпелер | Жалпы орын санының 20% тиеледі |
| 14 | Гардеробқа арналған ілгіштер | Экипаж санына байланысты және әр гардеробқа 20 дана |
| 15 | Ауа тазартқыштар | Әр дәретхана бөлмесіне 1 дана |
| 16 | Бесікке арналған ақжаймалар мен жастық қаптар ( бір реттік) | Әр бесікке 4 дана |
| 17 | Әйелдердің гигиеналық төсемдері | Әр салонға 1 қорап |
| 18 | Киімге, аяқ киімге арналған щеткалар | Әуе кемесінің әр салонына 1 дана |
| 19 | Жинау мүкаммалы | Әуе кемесіне 3 жиын |

«Азаматтық авиацияның әуе кемелеріне және ұшу құрамының еңбек жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережеге
2-қосымша

## Әуе кемесін эпидемиологиялық зерттеп-қарау АКТІСІ

Мен ____________________________________________________________
(санитариялық-карантиндік пункт қызметкерінің А.Т.Ә.)
__________________________________________________________ қатысуымен
_____________________________________________ туристтік агенттігінің
__________________________________________________ авиакомпаниясының
№ _______ сапармен ____________________ бағытында
ұшып келген күні 20___жылғы «_____» _____________________
ұшып келген уақыты «_____________» сағ. ұшып келген әуе кемесін эпидемиологиялық зерттеп-қарау барысында
Мыналар анықталды:
Жолаушылар саны ____________________________________________________
Экипаж/бортсеріктер саны _____________________________________________
Жолаушылардың ұшу кезіндегі сөздерінен ______________________________
Денсаулық жағдайларына шағымдары белгіленді __________________________
_____________________________________________________________________
_____________________________________________________________________

Сондай-ақ ауру белгілері (сызу): қызба, жөтел; бездердің, лимфатүйіндердің ісуі, тамақтың ауруы: үстіртін қиын дем алу, жөтел; диарея, құсу; терідегі бөртпелер, қан кету;
Науқасқа қатысты іс-шаралар жүргізілді ______________________________
_____________________________________________________________________
_____________________________________________________________________
қолдары: ____________________________/_______________________/
____________________________/_______________________/

Азаматтық авиацияның әуе кемелеріне және ұшу құрамының еңбек жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережеге
3-қосымша
нысан

## Дезинфекция өткізу журналы

| р/с № | Іс-шара (түрі, орны ) | Өткізу күні мен уақыты | Ауданы және (немесе) көлемі | Кім тексерді (ұйымның мөрі не қолы) | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

нысан

## Әуе кемелеріне су құю бойынша журналы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| р/с № | Кететін әуе кемесінің сапар № борт № | Су құю машинасына су толтыру күні мен уақыты | ӘК су құю күні мен уақыты | Қандай су құятын машина су толтырды , ауыз су мөлшері | Кім тексерді (қолы) | Жұмысқа жіберуге рұқсатының болуы (күні) |
|---|---|---|---|---|---|---|

Азаматтық авиацияның әуе кемелеріне және ұшу құрамының еңбек жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережеге
4-қосымша

## 1-кесте. Әуе кемелерінің кабиналарына арналған микроклиматтың қолайлы параметрлері

| Өлшеу аймағы | Ауа температурасы, T°C | Салыстырмалы ылғалдылық, % | Ауа қозғалысының жылдамдығы, м/сек |
|---|---|---|---|
| Экипаж кабинасы | 21,0 - 24,0 | 40,0 - 60,0 | 0,15 артық емес |
| Жолаушылар салоны | 21,0 - 24,0 | 40,0 - 60,0 | 0,10 артық емес |
| Жүк кабинасы, буфет-ас үй | 21,0 - 24,0 | 40,0 - 60,0 | 0,20 артық емес |
| Ауаның ең аз салыстырмалы ылғалдылығы ауаның ең көп температурасына сәйкес, ауаның ең көп салыстырмалы ылғалдылығы ауаның ең аз температурасына сәйкес келеді. | | | |

## 2-кесте. Әуе кемелерінің кабиналарына арналған микроклиматтың рұқсат етілген параметрлері

| Өлшеу аймағы | Ауа температурасы, T°C | Салыстырмалы ылғалдылық, % | Ауа қозғалысының жылдамдығы, м/сек |
|---|---|---|---|
| Экипаж кабинасы | 20,0 - 25,0 | 30,0 - 70,0 | 0,30 артық емес |
| Жолаушылар салоны | 20,0 - 25,0 | нормаланбайды | 0,40 артық емес |
| Жүк кабинасы, буфет-ас үй | 17,0 - 25,0 | 30,0 - 70,0 | 0,40 артық емес |
| Ауаның ең аз салыстырмалы ылғалдылығы ауаның ең көп температурасына сәйкес, ауаның ең көп салыстырмалы ылғалдылығы ауаның ең аз температурасына сәйкес келеді. | | | |

Азаматтық авиацияның әуе кемелеріне және ұшу құрамының еңбек жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережеге
5-қосымша

## Әуе кемелері кабиналары ауасында РЕШШ-ке сәйкестігін бақылауға ұсынылған заттардың ең аз тізбесі

| р/с № | Заттар | РЕШШ (мк/м$^3$) |
|---|---|---|
| 1. | Көміртегі оксиді | 20,0 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2. | Азот оксиді (азот диоксидіне қайта есептегенде) | 5,0 |
| 3. | Акролеин | 0,2 |
| 4. | Формальдегид | 0,5 |
| 5. | Синтетикалық майлайтын майлар аэрозолы | 2,0 |
| 6. | Минералды майлайтын майлар аэрозолы | 5,0 |
| 7. | Алифатикалық көмірсутектер $C_1$-$C_{10}$ (көміртекке қайта есептегенде) | 300,0 |
| 8. | Бензол | 5,0 |
| 9. | Толуол | 50,0 |
| 10. | Ацетон | 200,0 |
| 11. | Фенол | 0,3 |
| 12. | Диоктилсебацинат | 10,0 |
| 13. | Трикрезилфосфат | 0,5 |
| 14. | Фтор сутегі (фторға қайта есептегенде) | 0,1 |
| 15. | Күкіртті ангидрид | 10,0 |
| 16. | Озон | 0,1 |
| 17. | Аммиак | 20,0 |
| 18. | Көміртек диоксиді | 0,1 % |

Азаматтық авиацияның әуе кемелеріне және ұшу құрамының еңбек жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережеге
6-қосымша

## 1-кесте. Өндірістік және қоғамдық үй-жайлар ауасының рұқсат етілген иондану деңгейлері

| Деңгейлер | 1 $см^3$ ауадағы иондар | | Полярлық көрсеткіші П = [(n+)-(n-)] [(n+)+(n-)] |
|---|---|---|---|
| | n+ | n- | |
| Қолайлы | 1 500 - 3 000 | 3 000 - 5 000 | - 0,05 - 0,00 |
| Рұқсат етілген | 400 - 50 000 | 600 - 50 000 | -0,20 - + 0,05 |

## 2-кесте. Әуе кемелерінің ұшу құрамының жұмыс орны үшін дыбыс қысымының, дыбыс деңгейлері және дыбыстың эквиваленттті деңгейлері

| Дыбыс деңгейлері, дБ | Орта геомертиялық жиіліктермен октава жолақтары, Гц | | | | | | | | | Дыбыстың эквиваленттi деңгейі, дБА |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 31,5 | 63 | 125 | 205 | 500 | 1000 | 2000 | 4000 | 8000 | |
| Рұқсат етілген | 107 | 95 | 87 | 82 | 78 | 75 | 73 | 71 | 69 | 80 |
| Қолайлы | 96 | 83 | 74 | 68 | 63 | 60 | 57 | 55 | 54 | 65 |

## 3-кесте. Әуе кемелерінің ұшу құрамының жұмыс орындарындағы ультрадыбыстың дыбыс қысымының рұқсат етілген деңгейлері

| Ультра дыбыс деңгейлері, дБ | Орта геомертиялық жиіліктер бойынша үш октавалық жолақтар, кГц | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 12,5 | 16 | 20 | 25 | 31 | 40 | 63 | 80 | 100 |
| Рұқсат етілген | 80 | 90 | 100 | 105 | 110 | 110 | 110 | 110 | 110 |

## 4-кесте. Әуе кемелерінің ұшу құрамының жұмыс орындарындағы инфрадыбыстық қысымның рұқсат етілген деңгейі

| Инфрадыбыс деңгейлері, дБ | Орта геомертиялық жиіліктермен октава жолақтары, Гц | | | | Дыбыс қысымының жалпы деңгейі, дБ |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2 | 4 | 8 | 16 | |
| Рұқсат етілген | 105 | 105 | 105 | 105 | 110 |

## 5-кесте. Экипаж мүшелерінің жұмыс орындарында жиіліктердің үштен бір октавалық жолақтарындағы жалпы діріл деңгейлері

| Жиіліктер | Әуе кемелері | |
|---|---|---|
| | Тік, дБА | Көлденең, дБА |
| 1,60 | 114 | 107 |
| 2,00 | 113 | 107 |
| 2,50 | 112 | 109 |
| 3,15 | 111 | 111 |
| 4,00 | 110 | 110 |
| 5,00 | 110 | 110 |
| 6,30 | 110 | 110 |
| 8,00 | 110 | 110 |
| 10,00 | 112 | 112 |
| 12,00 | 114 | 114 |
| 16,00 | 116 | 116 |
| 20,00 | 118 | 118 |
| 25,00 | 120 | 120 |
| 31,50 | 122 | 122 |
| 40,00 | 124 | 124 |
| 50,00 | 126 | 126 |
| 63,00 | 128 | 128 |
| 80,00 | 130 | 130 |
| 100,00 | 132 | 132 |
| 125,00 | 134 | 134 |
| 160,00 | 136 | 136 |

## 6-кесте. Энергетикалық жүктемелер мен радиобайланыс жабдығынан электр өрістері кернеуінің рұқсат етілген деңгейлері

| Параметр | Жиілік диапазонындағы шекті мәндер, МГц | | |
|---|---|---|---|
| | 0,3-3,0 | 3,0-30,0 | 3,0-300,0 |
| Өріс кернеуі, В/м | 500 | 300 | 80 |
| Энергетикалық жүктемелер $(в/м)^2$сағ | 20 000 | 7000 | 800 |

## 7-кесте. Экипаж мүшелерінің жұмыс орындарындағы жарықтандыру нормалары

| Жұмыс беті | Жарықтандыру, лк кем емес | Жарықтың біркелкілігі |
|---|---|---|
| 1. Басқару қалқандары мен пульттеріндегі жазбалар | 27,0 | 1:10 |
| 2. Негізгі ұшу-навигациялық аспаптары шкалаларына, навигация тілдері мен элементтеріне жарық беру | 2,7 | - |
| 3. Түнерген бұлтта ұшу кезінде ақпараттарды оқуға арналған ұшқыштардың аспаптық тақтайшалары | 300,0 | 1:3 |
| 4. Ұшу экипажы мүшелерінің жұмыс үстелдері | 300,0 | 1:3 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК